

Әділетті Қазақстан

Үкіметке депутаттармен бірлесіп, орта бизнесті дамытудың тың тәсілдерін әзірлеуді тапсырамын. Өйткені, орта бизнес ел экономикасын дамыту ісінде басты рөл атқарады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

РАМАЗАН АЙЫ



САУАБЫ МОЛ ҚАСИЕТТІ АЙ

5


САРАПШЫ ПІКІРІ



ІШКІ НАРЫҚТА ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

6

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



САНАНЫ САУЫҚТЫРСЫН СӘУІР БАСЫ

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

6.04.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
аздаған жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8, күндіз екпіні 13 м/с

7.04.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8, күндіз екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №44 (6337) 6 сәуір, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCXz3M2x1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылық құрамымен кеңес өткізді



Президент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылық құрамымен бейнебайланыс арқылы кеңес өткізіп, жаңадан тағайындалған төраға Асхат Жұмағалиды таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттіктің бұрынғы төрағасы Олжас Бектеновке атқарған жұмысы үшін ризашылығын білдіріп, оның жаңа қызметіне табыс тіледі. Ал Агенттіктің жаңа басшылығы мен жеке құрамына алдағы кезеңге арналған бірқатар міндет жүктелді.

2

ОТАН ҚОРҒАУ – ПАРЫЗЫҢ!

ӘСКЕРИ БОРЫШ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Алматыда жастарды әскерге шығарып
салу рәсімі өтті



Отан алдындағы әскери борышын өтеу үшін Қарулы күштер қатарына 50 жас жігітті әскерге шығарып салу рәсімі 28-гвардиялық панфиловшылар саябағында салтанатты түрде өтті.

12

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаевты қабылдады.
- Президент жер қатынастарын цифрландыру туралы заңға қол қойды.
- Ел басшысы ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетовті қабылдады.
- Жер сілкінісі қаупі бар аймақтарға құрылыс жүргізуге қатаң тыйым салынады.
- 44 мыңнан астам қазақстандық SKILLS ENBEK платформасында оқыды.
- Шаһарда дизель отынын сатуға шектеу қойылды.
- Алматы тауларында ыстық тамақ пісіруге 14 орын қарастырылған.
- Almaty Ustazy байқауына тіркелу басталды.
- Мегаполис театрында «Кассандра таңбасы» сахналанды.
- Алматыда жоғалған 4 жасар бала табылды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



АҚОРДА

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС –
БАСТЫ БАСЫМДЫҚМемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің
басшылық құрамымен кеңес өткізді

(Басы 1-бетте)

Президент айтып өткендей, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілген шаралар толық жүзеге асырылуы керек. Жоғары лауазымды шенеуніктер арасындағы, әсіресе, халқымыздың әл-ауқатына тікелей әсер ететін салалардағы жемқорлықты анықтау және оның жолын кесу жөніндегі қатаң тәсілді жалғастырған жөн. Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлыққа итермелейтін жүйелі себептер мен жағдайларды жою маңызды екеніне назар аударды. Сондықтан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізу керектігін ескертті.

Мемлекет басшысының айтуынша, тергеу жұмыстарының нәтижесінде Агенттік құны 108 миллиард теңге көлеміндегі шығынды қайтара алды. Бұл – оң нәтиже. Бірақ бұл өткен кезеңдерде жемқорлықтың қаншалықты белең алғанын көрсетеді.

– Мемлекетімізді дамытудың негізгі басымдықтарының бірі – жемқорлықтың барлық түрімен ымырасыз күрес. Парақор-

лық, тамыр-таныстық, қоңырау шалу арқылы мәселе шешу және тағы басқа келеңсіздіктер жылдар бойы азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне селкеу түсіргенін білесіздер. Осы орайда халықтың әділдікке деген үміті азая бастады. Сондықтан менің сайлау алдында берген уәделерімнің бірі жемқорлықты түбірімен жойғанша ымырасыз күрес жүргізу болды. Бұл істе Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі шешуші рөл атқарады. 2019 жылы маусымда құрылған сәттен бері аталған орган көптеген жұмыс атқарды. Оны мойындау керек. Жемқорлыққа қарсы күрес шараларының жүйесі белсенді дами бастады. Атап айтқанда, жаңа құқықтық институттар, өзіне бағынышты қызметкерлердің жемқорлық қылмысы үшін саяси және мемлекеттік тұлғалардың қызметтен кетуі, адалдыққа тексеріс, нормативтік-құқықтық актілерге жемқорлыққа қарсы жүргізілетін сараптама және тағы да басқа бастамалар осы санатқа кіреді. Олардың алғашқы нәтижелерін көріп отырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Айгүл НҮРСАБЕТ.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Биыл 18 наурыздан бастап Алматы мен Самарқанд қалалары арасында тұрақты әуе қатынасы қалпына келтірілді. Мамандардың айтуынша, әуе байланысы үш географиясын кеңейту және халықаралық рейстер санын ұлғайту мақсатында жүзеге асырылуда.

АЛМАТЫ МЕН САМАРҚАНД
арасында тікелей рейстер
қайта ашылды

Сондай-ақ, бұл халықаралық бағыттың қайта іске қосылуы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сауда-экономикалық, мәдени және туристік қарым-қатынастарды одан

әрі дамытуға ықпал етеді. Рейстерді «FlyArystan» компаниясы аптасына 2 рет (сәрсенбі және сенбі күндері) А-320 типті әуе кемелерінде орындайды.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН
ҚОРҒАУ МАҢЫЗДЫ

Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті азаматтарға сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау саласындағы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша түсіндіру және практикалық көмек көрсетеді.



Заманауи жағдайда әр адам өз өмірінде тұтыну нарығында және осы бизнес процесінде пайда болатын тауарларды тұтынушы ретінде әрекет етеді, тұтынушылардың құқығын бұзу жағдайлары жиі кездеседі.

Азаматтардың құқығын қорғаудың келесі нәтижесі тұтынушыға қолма-қол ақша қайтаруда көрсетілген.

«Ағымдағы жылдың ақпан айының соңында департаментке Алматы қаласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйымға қатысты, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын автокөлікті жеткізуге қатысты шарт

талаптарын орындамау фактісі бойынша азамат К. мүддесін білдіретін азамат Н. жүгінді».

«Жүргізілген тексеру барысында департамент тұтынушының құқықтарын бұзу фактілерін анықтады және нәтижесінде тұтынушыға 8 000 000 теңге көлемінде ақшалай қаражат толығымен қайтарылды, сол арқылы тұтынушының құқықтары қалпына келтірілді», – деп түсіндірді Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің басшысы Геннадий Данияров.

Сатушы мен тұтынушының қарым-қатынасы тұтынушылардың құқығын қорғау туралы Заңға сәй-

кес құрылуы керек, оған сәйкес мәміле тараптарының әрқайсысының міндеттері мен жауапкершілігі сақталады, оған ерекше назар аударамыз.

Айта кету керек, сатушылар көптеген жағдайларда азаматтардың өз құқығын қорғау бөлігінде заңды білімін толық меңгермегендігін және тиісінше тұтынушыларға толық құқығы бар нәрседен бас тартатынын пайдаланады, осыған байланысты азаматтарға тұтынушылардың құқығын қорғауға қатысты қажетті ақпаратпен танысуға және әрі қарай өнімді сатып алу кезінде сатушымен диалогта қолдануға кеңес береміз.

АЛЬПИНАРИЙ

Алматыдағы Ботаникалық баққа барсаңыз, өсімдік әлемінің аса бай қорын көресіз. Өйткені, саялы бақ жұпар ісі аңқыған гүлдер мен жасыл желекке бай.

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Міне, сол ғажайып мекеннің Альпинарий жабық коллекциялық учаскесінде күні кеше сирек кездесетін Сібір қандығы өсімдігі гүлдеді. Бұл туралы Ботаникалық бақ қызметкерлері өздерінің Instagram парақшасында жазды.

Бақтың мәліметінше, Сібір қандығы – ерте көктемде, қар кеткен соң гүлдейтін өте әсем өсімдік. Қандықтың бірегейлігі оның реликтік шығу тегімен сипатталады. Ол ша-

ЖҰПАР ИСІ АҢҚЫДЫ
Ботаника бағында сирек кездесетін өсімдік гүлдеді

мамен 65 млн жыл бұрын динозаврлардың жойылуы кезінде барлық жерде табылған.

«Сібір қандығы (лат. Erythronium sibiricum) – Лалагүлділер тұқымдасының Қандық (Erythronium) тұқымдасының бір түрі, көп жылдық шөптесін өсімдік. Өсімдіктің биіктігі сирек жағдайда 30 см-ден асады. Тамыры – біркелкі цилиндрлік шамға ұқсас. Екі жапырағы ортасында немесе түбіне жақын жерде орналасқан, олар жасыл дақтары бар бір түсті сұр-жасыл немесе қызыл-қоңыр түсті. Гүлдері үлкен қызғылт-сары немесе күлгін, сирек жағдайда ақ түсті болады. Гүлсерік сыртқа қатты иілген 6 жапырақшадан тұрады. 6 аталығы бар, олар жапырақшалардан екі есе қысқа болады. Көктемгі суық кезінде өсімдік жапырақшала-

рын жинап, гүлді жауып тастайды. Гүлдеген соң, ұзындығы 15–20 мм шағын үшбұрышты қорап секілді болады. Сібір қандығы Оңтүстік Сібір аумағында кездеседі, Моңғолия, Орта Азия және Қытайдың таулы аймақтарына таралған. Бұл Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген, өте сирек кездесетін өсімдік», делінген жазбада.

Әдемі гүл ботаникалық бактың Альпинарий коллекциялық учаскесінде 1998 жылдан бері өсіріледі.

Аталмыш учаскенің кураторлары – аға ғылыми қызметкерлер Ирина Анатольевна Сьедина және Ирина Геннадьевна Отрадных жақын уақытта Альпинарийға эксклюзивті экскурсияларды бастауды жоспарлап отыр. Ендеше, тамсанбауға болмайтын сұлулықты



көргіңіз келсе, парақшадан жаңалықтарды қалт жібермей бақылап отырыңыздар!

Айта кетейік, бүгінде бақ аумағында құстардың 300-ге жуық түрі мекендейді. Мұнда үкі, қырғауыл, үйрек, жолақ, көгершін және шокпар секілді құстардың түрлерін кездестіруге болады.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖОЛ ЖОҚ

Орталықтағы кафенің жазғы террасасы сот шешімімен сүрілді



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Медеу ауданының тұрғындарымен кездесуі барысында Төле би, 24 Б мекенжайында орналасқан «Lova Kitchen» кафесінің жанынан салынып жатқан қосалқы нысанның заңдылығына қатысты сұрақ қойылған еді.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кейіннен шаһар басшысының тапсырмасы бойынша Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасы аталмыш мекенжайға жоспардан тыс тексеру жүргізген. Нәтижесінде жазғы терраса заңсыз салынған қосалқы нысанда орналасқандығы анықталды. Сонымен қатар, террасаны салу кезінде мемлекеттік қордағы тротуардың бір бөлігі алынғаны белгілі болды.

Қала құрылысын бақылау басқармасы меншік иесін ӘҚБТК-нің 316-бабы 1, 321, 323-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартты. Сондай-ақ, «Қамкор-Орталық» ЖШС-не қатысты процессуалдық шешім қабылдау үшін материалды сотқа жібере отырып, ӘҚБТК-нің 319-бабы бойынша шаралар қабылданды.

ӘҚБЖМАС-тың 27.12.2022 жылғы қаулысымен «Қамкор-Центр» ЖШС ҚР ӘҚБТК-нің 319-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды және заңсыз тұрғызылған құрылыс мәжбүрлі түрде сүріліп, әкімшілік айыппұл өндірілді. Меншік иесі бұл шешімге наразылық білдіргенімен, Алматы қалалық сотының ӘҚБЖМАС-тың қаулысы өзгеріссіз қалды.

Кеше сот орындаушыларының қатысуымен заңсыз тұрғызылған нысанды сүру басталды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ТАУЛАРЫНДА БЛОКБЕКЕТТЕР ОРНАТЫЛДЫ

Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, Алматы маңындағы тау беткейлерінде қар көшкіні жүру қаупі сақталады. Сондықтан бақылау бекеттері қойылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«ТЖД көшкіні қаупі туралы №13 ескерту негізінде: 2023 жылғы 5–7 сәуір аралығында үлкен және Кіші Алматы өзендері бассейнінде қар көшкіні қаупі сақталады. Осыған байланысты қар көшкінін тудырмас үшін қар басқан беткейлер-

ге шықпау керек», делінген хабарламада.

Осыған байланысты Аюсай шатқалындағы сарқырамаға адамдардың өтуіне жол бермеу үшін Бостандық ауданы ПБ қызметкерлері арасынан Аюсай бөгеті алдына бекет орнатылды. Сондай-ақ, блокбекет Шымбұлақ маңындағы қар көшкіні қаупі бар аймаққа да орнатылған.



«ALMATY USTASY»

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҒЫҢЫЗДЫ СЫНАҢЫЗ!

Алматы мұғалімдері 5 млн теңге ұтып, Финляндияға тағылымдамадан өтуге бара алады

Алматыда осымен екінші рет өткелі отырған «Almaty ustasy» байқауының бірінші кезеңіне <https://almatyustasy-2023.kz> платформасында тіркелу басталды. Тіркеу 2023 жылдың 14 сәуіріне дейін жалғасады.



Рая
ЕСКЕНДІП

Байқаудың бас жүлдесі – 5 млн теңге, сонымен қатар бес финалист Финляндияның Хельсинки қаласында білім беру тағылымдамасына бара алады. Тағылымдама барысында мұғалімдер оқытудың жаңа әдістерін игереді, практикалық тәжірибе алмасады және озық мектептердің жұмысымен танысады.

Байқауға Алматыдағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының негізгі пәндер бойынша 1–11-сынып ұстаздары қатысады. Байқауға жас шамасы 36-ға дейінгі мұғалімдердің қатысуына болады.

Конкурс барысында мұғалімдер өз тәжі-

рибелеріне негізделген тың ойларын ортаға салып, педагогикалық тұжырымдарымен бөліседі. Сондай-ақ, жеке сабақтарын өткізіп, жетістіктерін көрсетеді. Аталмыш байқау үш кезеңде өтеді.

Бірінші кезеңде – «Менің білім беру философиям» тақырыбында мультимедиялық мақала әзірлеу.

Екінші кезең – «Мұғалім – кәсіби маман» байқау сабағын өткізу.

Үшінші кезең – «Мен – мұғалім-көшбасшымын» тақырыбында авторлық шеберлік сабақтарын өткізу (өзінің педагогикалық тәжірибесі және кәсіби шеберлігімен таныстыру).

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген педагогтар бекітілген форма бойынша қатысуға

өтінім беруі тиіс (Конкурсқа қатысушы туралы жалпы мәліметтер, лауазымы, біліктілігі, өтілі, жұмыс орнынан анықтама). Тіркелген мұғалімдер өз материалдарын (мультимедиялық мақаланы) 2023 жылдың 14 сәуіріне дейін жүктеуі тиіс. 17–26 сәуір аралығында сараптама комиссиясы келіп түскен материалдарды қарайтын болады.

«Бытырға жылы байқауға бастауыш сынып мұғалімдері белсене қатысты. Қазіргі таңда біздің мұғалімдеріміз балаларды қызықтыру үшін инновацияларды жиі пайдаланады. Көп жағдайда оларды мазмұнына сай етіп жасайды. Байқау қаламыздағы мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің деңгейін арттыратынына сенімдімін. Байқау барысында қазіргі білім беру жүйесіндегі оқыту әдістеріне деген көзқарасты өзінің жеке үлгісімен өзгертетін заманауи және құзыретті педагогтар қауымдастығын танытады. Алматы қаласының жас мұғалімдері үшін байқауға қатысу – бұл өзінің кәсіби өсуінің, цифрлық дәуір жағдайында жұмыстың жаңа тәсілдерін зерделеудің жаңа қадамы болып табылады», – дейді қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева.

Тіркеуге, мультимедиялық мақаланы жүктеуге қатысты нақтылы сұрақтар бойынша қатысушылар арасында хабар алмасу үшін Telegram – арнаны пайдалануға болады (https://t.me/almaty_ustasy_support).

Байқау ағымдағы жылдың қазан айында аяқталады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматы аудандарының әкімдіктеріне
73,5 млрд
теңгеден астам қаржы бөлінді



Шаһарда **213**
автожанармай
құю станциясы жұмыс істейді



Биыл қалада
200 көше
жөндеуден өтеді



Көктемде
10 000
ағаш отырғызылады



Алматыдағы 29 мектеп
«Мектеп автобусы»
жобасына қатысып жатыр



С.Бегалин атындағы
орталық қалалық балалар
кітапханасында
500 000
кітап қоры бар



ДИЗЕЛЬ ОТЫНЫ

Алматы қаласында 213 автожанармай құю станциясы жұмыс істейді, оның ішінде ірі 6 желіге 176 жанармай құю бекеті немесе 82% тиесілі.

ЖАНАРМАЙ ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласына жанар-жағармай материалдарын жеткізу үш мұнай өңдеу зауытынан жүзеге асырылады. Олар: Шымкент «Петро Қазақстан Ойл продактс» мұнай өңдеу зауыты (ПКОП үлесі – 40%), Павлодар мұнай-химия зауыты (ПМХЗ үлесі – 35%) және Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ үлесі – 25%).

Осы жылдың 15 наурызынан бастап Шымкент мұнай өңдеу зауыты күрделі жөндеуге жабылған. Осы жағдайға байланысты әзірге бұл зауыттан Алматыға дизель отынын жеткізу тоқтатылды. Осы кезеңде өзге екі зауыт – ПМХЗ мен АМӨЗ-ден дизель отынын жеткізу шамамен 12 мың тоннаны құрады.

Ресми мәліметтерге сәйкес, бүгінде ірі желілік ЖҚС және қаланың мұнай қоймаларында шамамен 8,8 мың тонна дизель отыны бар. Сондай-ақ, алдағы 4-5 күн ішінде шамамен 4,7 мың тонна жеткізілуі керек.

Қала әкімдігінің мәліметінше,

соңғы уақытта Алматы қаласында Алматы облысының тұрғындары, сондай-ақ транзиттік көлік иелері тарапынан дизель отынына деген сұраныс артқан. Бұл тұтынудың бір мезгілде 30–35%-ға өсуіне себеп болған және жекелеген ЖМҚС-ға үзіліспен жеткізілуіне (резервуарлардың уақытылы толмауына) әкелген.

Енді қала тұрғындарын, автобус парктері мен коммуналдық қызметтерді қамтамасыз ету мақсатында жекелеген жанармай құю бекеттеріне дизель отынының шектеулі шығарылымы енгізілді.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының әкімдігі ҚТЖ және ЖМҚС желілерімен бірлесіп тұрақты негізде жолда дизель отынына мониторинг жүргізеді, басқа өңірлерде вагондардың тоқтап қалуына байланысты мәселелер жедел пысықталып жатыр.

Шымкент мұнай өңдеу зауытында өндіріс қайта басталғаннан кейін жағдай тұрақтануы қажет. ҚР Энергетика министрлігінің алдын ала ақпараты бойынша, ПКОП жөндеу жұмыстары ағымдағы жылдың сәуір айының бірінші онкүндігінде аяқталады.

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ

ТЕРЕҢҚҰРДАҒЫ ЖЕР УЧАСКЕСІ
ТЕКСЕРІЛІП ЖАТЫР

Жалпы алаңы 0,3083 га жер учаскесі (кад. №20-315-022-153) Алматы қаласы, Рубинштейн көшесі, 38/1 мекенжайы бойынша ЖТҚ нысаналы мақсатымен Алматы қаласы әкімінің 2000 жылғы 17 қазандағы /923/157 шешімі негізінде жеке меншікке берілген.

Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

2022 жылғы 29 маусымда азаматтық-құқықтық мәміле негізінде жер учаскесін Н.А.Тулаева және М.Б.Машкалов сатып алды, 2022 жылғы желтоқсанда жер учаскесінің алаңы 0,1078 га (кад. 20-315-022-398) және 0,2005 га (кад. 20-315-022-399).

Ауданды нақтылы Жоспарлауға сәйкес жалпы алаңы 0,1078 га учаске үй құрылысы аймағында (Ж-1), ал алаңы 0,2005 га жер телімі коммерциялық және тұрғын үй объектілерін салуға тыйым салынған су қорғау белдеуінде (Р-4 аймағы) орналасқан. Айта кетерлігі, Теренкур бойындағы су қорғау белдеуі су жиегінің екі жағында 35 метрді құрайды.

2023 жылғы 3 сәуірде Қала құрылысын бақылау басқармасының инспекторы жалпы алаңы 0,1078 учаскедегі барлық құрылыс-монтаж жұмыстарын (қолданыстағы құрылысты бөлшектеу) тоқтатты. Меншік иесінің бөлшектеу жұмыстары объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге шешім берілмей тұрып басталып кеткен.

Қазіргі уақытта меншік иесіне қатысты жоспардан тыс тексеру

басталады, оның нәтижелері бойынша ҚР ӨҚБТК-нің 316-бабы 1-бөлігі (жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасыз не жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасыз объектілер мен олардың кешендерін салу (реконструкциялау, реставрациялау, кеңейту, техникалық қайта жарактандыру, жаңғырту, күрделі жөндеу) бойынша әкімшілік шаралар қабылданатын болады талаптарды қоспағанда, оны жүргізу талап етілетін белгіленген тәртіппен сараптамадан өтпеген сметалық құжаттама) құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру және жіберілген олқылықтарды жою туралы нұсқама беріледі. Заңсыз басталған құрылыс-монтаж жұмыстарына байланысты Алматы қаласының әкімдігі құрылысқа жобалау алдындағы құжаттаманың берілмеуі бойынша мәселені пысықтауда (АПЗ, эскиздік жобаны келісу).

Бұдан басқа, ойын алаңын сақтау және Теренқұр бойындағы жаңа құрылысты болдырмау мақсатында сатып алу жолымен алаңы 0,2005 га аралас жер учаскесін мемлекетке қайтару мәселесі пысықталуда.

Осы жер учаскесін мемлекет мұқтажына алу мәселесі ағымдағы жылғы 7 сәуірде Алматы қаласының жер комиссиясының таяудағы отырысында қаралатын болады.

БРИФИНГ

ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Төтеншеліктер өртке қауіпті кезеңнің басталғанын еске салды

Айтып келмейтін апаттардан сақтану да күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Сондықтан қай кезде де тілсіз жауға тосқауыл қажет.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өрт қауіпсіздігіне дайындық туралы брифинг өтіп, оған Алматы қаласы ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Данияр Жүсіпов пен «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ орманды қалпына келтіру және жаңғырту бөлімінің басшысы Райхан Мұхаметжанова қатысты. Спикерлер Төтенше жағдайлар департаментінің тау-орман өрттерін сөндіруге дайындығы, рұқсат етілмеген орындарда от жаққаны үшін жауапкершілік және тілсіз жаудың алдын алу мәселелері жайында көптеген ақпараттар берді.

Жалпы, қай өңірде болмасын күн жылына бастаса, табиғи өрттердің орын алу қаупі арта түседі. Әсіресе, жаз мезгілінде қызыл жалынның өршітіні белгілі.

Алматыда да бұл мәселе назардан тыс қалған емес. Қазіргі таңда өртке қауіпті кезең басталды. Осыған орай Алматы қаласының ТЖ жөніндегі департаменті өрттің алдын алу мен сөндіруге қатысты іс-шаралар кешенін жүргізуде.

Басқарма жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, құрғақ өсімдік жамылғысы (250 га) және минералданған жолақтарды құру (85 км) бойынша жұмыстарды жүргізу қажет аумақтарды анықтады. Қазірдің өзінде жол бойындағы 10 шақырым жер жыртылып, қалаға іргелес ашық алаңқайлар, сондай-ақ, жалпы алаңы 15 га құрғақ өсімдік баурайы жыртылды.

Бүгінде табиғи өрттерді сөндіру үшін 13 адамнан тұратын (2 бірлік жол талғамайтын техника, 7 аспалы өрт сөндіргіш, 25 педарда, 20 күрек), тәулік бойы кезекшілік етіп, қызыл жалынды сөндіру үшін біріктірілген жедел



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарды таулы орман алқаптарында қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырады:

- өрттің туындауына себеп болуы мүмкін қоқыс заттарын демалыс орындарында қалдырмау, өздерінен кейін тазалап кету;
- тұтанған сіріңке, темекі тұқылын лақтырмау, құрғақ шөпті тұтатпау;
- арнайы жасалмаған орындарда от жағуға болмайды, осы мақсатта мангал және басқа да тамақ пісіру құралдарын қолданбау керек.

әрекет ету тобы құрылған. Төтенше жағдайдың орын алуы туралы қоңырау түскен кезде департаменттің күштері мен құралдары №2 жоғарылатылған шақыру разрядына жіберіледі», – дейді басқарма басшысы Данияр Жүсіпов.

Ол сондай-ақ, жол талғамайтын техникалар, аспалы өрт сөндіргіштер, Алматы қалалық Құтқару қызметінің авиациялық бөлімшесі дайындықтан өткенін айтты.

Ал Райхан Мұхаметжанованың келтірген деректері бойынша, өткен жылы Іле Алатауы ұлттық паркінің аумағында 10 орман өрті тіркелген. Төтенше жағдайлар департаменті демалушылардың назарына Іле Алатауы ұлттық саябағында ыстық тамақ

пісіру үшін арнайы жабдықталған 14 орын бар екенін еске салады. Атап айтқанда, 12 орын «Алмаарасан» шатқалының аумағында, Үлкен Алматы және Казачка өзендерінің бойында, 2 орын Бутаковқада бар.

– Айта кететін жайт, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың аумақтарында және арнайы белгіленбеген жерлерде өрт тұтандыратыны үшін орман шаруашылығы мекемелерінің қызметкерлері Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 367-бабына сәйкес әкімшілік айыппұл салуға құқылы. Жеке тұлғаларға салынатын айыппұл мөлшері 10-нан 100 АЕК-ке дейін өзгеріп тұрады», – дейді басқарма басшысы.

БӘРЕКЕЛДІ!

АМБУЛАТОРИЯ
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Жетісу ауданы тұрғындары өздерінің жайлы өмірлері үшін қоғамдық іс-шараларға үнемі қатысып отырады. Мәселен, аудан тұрғындарының белсенділігі арқасында қолға алынған «Кемел» ықшамауданындағы амбулаторияның құрылысы аяқталып, енді аз күнде пайдалануға берілемекші.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазірдің өзінде құрылыс жұмысының 95%-ы аяқталды. Бір ауысында 200 адамды қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория сәуір айының соңында

толығымен аяқталады деп күтілуде. Жетісу ауданында бұдан өзге де әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары жалғасып жатыр. Өйткені, аудан көлемінде денсаулық сақтау мекемелері тапшы, маман да тапшы. Сондықтан былтыр аудан әкімшілігі жеке меншіктен Нүсіпбеков және

Омаров көшелеріндегі 2 ғимаратты сатып алған еді. Әбден тозығы жетіп, қараусыз қалған бұл ғимараттарға күрделі жөндеу жұмыстарынан соң, 200–300 тұрғынды қабылдайтын жаңа емханаға айналатын болады. Осы аудан аумағындағы «Жұмысшылар кентінде» тұратын 40 мың тұрғынның 34 мыңға жуығы Алмалы ауданындағы емханаларға тіркелген. Сондықтан аудандық әкімшілік Райымбек даңғылының бойындағы ауданы 1,5 мың шаршы метр болатын ғимаратты сатып алды. Жөндеу жұмыстарынан кейін 240 адамды қабылдайтын жаңа емхана ашылатын болады.



РАМАЗАН АЙЫ

САУАБЫ МОЛ ҚАСИЕТТІ АЙ

Орталық мешітте күн сайын 500 адамға ауызашар беріліп жатыр



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ауызашар беретін арнайы «Рамазан шатыры» салынды. «Рамазан шатырында» дастархан жаюға дайындық кешкі бес жарым шамасында басталады. Мешіт маңына қала тұрғындары да кешкі сағат алтыдан бастап жиналады. Орталық мешіттің еріктілері мен қызметкерлері оны мұқият қадағалап отырады. Ол өткір ұштары бар биік темір қоршаумен қоршалған. Шатырдың ішінде 25 тікбұрышты үстел, орындықтар бар. Ауызашар дастарханында бауырсақ, шепшек, салаттар, тәттілер мен құрма қосылған табақтар, газсыз таза су бөтелкелер және шырындар бар. Күні бойы тұрғындарға кесте мен нөмір көрсетілген талондар таратылады. Талонсыз олар шатырға кіре алмайды.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қасиетті Рамазан айы жылына бір рет өтеді. Ораза әрбір мұсылман, балиғат жасына толған, ақыл-есі бүтін ер мен әйелге

парыз. Қадір түні сәуірдің 17-сінен 18-іне қараған түні. Ораза айт мерекесі 21-іне басталады. Бұл күні таңертең мешіттерде айт намазы оқылады. Төралқа мүшелерінің бірауыздан қабылдаған шешімімен биыл пітір-садақа мөлшері 535 теңге көлемінде

бекітілді. Пітір-садақасын Рамазан айының бірінші күнінен бастап Ораза айтқа дейін беруге болады. Ең жоғары сома әркімнің өз қалауы бойынша анықталады.

Алматы мешіттерінде қасиетті Рамазан айын мерекелеудің арнайы жоспары да бекітілген. Қаланың барлық мешітінде ораза айына дайындық пысықталды. Биыл қаланың 54 мешітінің 50-інде Құран хатым тарауық намазы оқылады. Қалған 4 мешітте, атап айтқанда Медеу ауданындағы «Исмихан» мешіттерінде, Наурызбай ауданындағы «Құлиза ана» мешіттерінде, Түрксіб ауданындағы «Макка» мешітінде және Түрксіб ауданындағы «Ар-Рахим» мешітінде тарауық намазы кезінде Құран хатым орындалмайды. Сондай-ақ, қала мешіттерінде ауызашарлар ұйымдастырылады.

САЯХАТ



ІШКІ ТУРИЗМ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Қазақстанның туристік әлеуеті мол. Елімізде ішкі туристер саны бойынша рекорд тіркелді. Бұл туралы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Дәлірек айтсақ, былтырғы көрсеткіштердің қорытындысына сай ішкі туристер саны 8,6 миллион адамға жеткен. Ал бұл 2021 жылмен салыстырғанда 1,7 миллион адамға көп.

Былырғы туристерді орналастыруға арналған 284 жаңа орын тіркелген, сөйтіп еліміз бойынша олардың жалпы саны 4 мыңға жеткен. Ал бір мезгілдегі сыйымдылық 10 мың бірлікке артып, 203 мыңнан астам төсек-орынды құраған.

«Бізге шетелдік қонақтарды тартумен қатар ішкі туризм көрсеткіштері де маңызды. Мысалы, елімізде бір жылдан астам уақыт бойы Kids go Free бағдарламасы жұмыс істейді, соның арқасында балаларға Қазақстан бойынша тегін ұшақ билеттері ұсынылады. Сондай-ақ, ел ішінде саяхаттайтын азаматтар үшін туристік кэшбэк енгізу жоспарланып отыр. Біз қазірдің өзінде бар дестинациялар мен ішкі туризмге деген қызығушылықты арттыру бағытында жұмысты жалғастырамыз», – деді Мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев.

Нұр ЖАМАЛ.

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАҒА ЖАҢА БАҒЫТ

Елімізде көп жылдан бері ел-жұртты алаңдатып келе жатқан өзекті мәселелердің бірі – жастардың, жас отбасылардың баспанаға қолы жетпей жүргені. «Үйі жоқтың, күйі жоқ» демекші, ұлан-байтақ жері бар Қазақстанда қарақөздеріміздің «квартирант» болып жүргені жанға батады. Бізде халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік бағдарламалар жоқ емес. Бірақ іс жүзінде меншігінде бір шаршы метрі жоқ қазақстандықтарды қолжетімді әрі сапалы баспанамен қамтитын мемлекеттік бағдарламалар жоқтың қасы.



Айнұр СЕНБАЕВА

Дәл осы күйіп тұрған мәселені Мәжілістің жалпы отырысында депутат Дәулет Мұқаев көтерді. Депутат Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға сауал жолдады. Оның айтуынша, бүгінгі таңда тұрғын үй бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар халықтың сұранысын қанағаттандырмайды. Д.Мұқаев халықтан жиналған мәліметтер мен сұраныстар нәтижесі бойынша өзінің төрт ұсынысын айтты.

Біріншіден, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламаларының талаптарына өзгеріс енгізу. «Бақытты отбасы» бағдарламасы елімізде 2019 жылдан



бері жүзеге асырылып келеді. Жыл сайын бюджеттен 50 млрд теңге төңірегінде ақша аударылып, 8 мыңға жуық отбасы үйлі болды.

«Бағдарлама аясында максималды несиеге сомасы аймақтар бойынша (Алматы, Астана, Шымкент, Атырау, Ақтау) максималды сома 15 млн теңгеге тең еді. 2019-2020 жылдары бұл ақшаға 2 бөлмелі үй алуға мүмкіндік болса, қазіргі уақытта пәтер бағасы өскеннен тек 1 бөлмелі үй алуға мәжбүр. «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында көпбалалы отбасы деп кемі 4 бала олардың ата-анасын қоссақ, кемі 6 адам. Дәл қазіргі уақытта жаңа үйлер конкурс негізінде берілгендіктен, кейбір отбасылар 32-40 шаршы метрлік бір бөлмелі пәтерде тұруға мәжбүр. Осыған байланысты бұл бағдарламаға өзгеріс қашан жасалмақ», – деп сұрады мәжіліс депутаты.

Екіншіден, Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаментінің мәліметі бойынша 2022 жылы 129 707 жұп некеге тұрса, 51 220 жұп ажырасқан. Бұл дегеніміз үйленген жастардың 40%-ға жуығы, яғни әрбір үшінші жұп ажырасады деген сөз.

«Ажырасудың басты себебі материалдық қажеттілік екенін ескерсек, баспана бірінші орында. Жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету бірішама мәселелердің алдын алары сөзсіз. Сондықтан мемлекеттік деңгейде «Жас отбасы» бағдарламасын бастапқы жарнасы 10 пайыздан аспайтындай ұсынамын. Бүгінгі таңда Отбасы банкі тарапынан жүзеге асып жатқан «Жас отбасы» бағдарламасында бастапқы жарна – 50%-ды құрайды. Мұндай қаражат жинау жастарға қиындық тудыртады», – деп түсіндірді спикер.

Үшінші мәселе, «7-20-25» бағдарламасына қатысты. Депутат жоба жұмыс істеп тұр деп есеп беріп, бірақ несие беруді шектеген бағдарлама операторын сынға алды.

«Бағдарлама ұйымдастырушылары «ақша бар, бәрі жақсы, бағдарлама жұмыс істеп тұр» деп көрсетеді. Бірақ неге бұл жағдайда «7-20-25» бағдарламасы бойынша қазір Қазақстанда бірде-бір банк ипотека бермейді? Себебі, маусым сайын лимит қойып қойған. Халық банктер алдында түнеуге мәжбүр болуда. Бұл тұрғыда «7-20-25» бағдарламасы бойынша лимитті алып тастау қажет. Бағдарлама 2029 жылға дейін созылады дегенімен, оған дейін аты бар заты жоқ бағдарламаға айналуы әбден мүмкін. Мыңдаған адам банкпен мақұлдау алғанымен, лимит кесірінен үйдің кілтін ала алмай жүр», – деді ол.

Төртінші мәселе, жастарға берілетін жалдамалы пәтерлерге қатысты. Жыл сайын Астана, Алматы, Шымкент қалаларында кемі 1000 пәтерден 3000 пәтер берілу керек. Алайда, үйдің уақытында салынбауынан жастар жалдамалы пәтерлерін өткен жылы (2022) толық алмады. Яғни бағдарлама істеп тұрған жоқ.

«Жастар санаты 29 жастан 35 жасқа дейін өскендіктен, алдағы уақытта берілетін пәтерлер саны да өсуді талап етеді. Әрі бұл бағдарлама тек 3 қаламен ғана шектелмей, еліміздің барлық аймақтарында іске қосылу керек. Осы мәселеге байланысты Үкімет тарапынан нақты қандай іс-шаралар атқарылмақ», – деп сауал жолдаған Мәжіліс депутаты баспанаға деген мұқтаждықты жою мақсатында мемлекеттік бағдарламаларды жаңартып, қайта қару қажет екенін айтты.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Серік НҰРМҰРАТОВ,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
Философия орталығының жетекшісі:

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУЫ МАҢЫЗДЫ



2023 жылдың 29 наурызында өткен VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бірінші сессиясының ашылуында Президент «Ғылыми жаңалықтарды өндірісте пайдалану қажет. Ғылымды жан-жақты дамыту үшін жаңа заң қабылдау қажет» деген тұжырымдарды ортаға салды.

Бытырдан бері қоғамдық кеңістікте біршама саяси реформалар жасалынды. Енді осы қомақты реформалардың тиімділігін арттыра түсу үшін еліміздегі тұтастай

алғандағы экономика мен ғылымның әркім саласын бір-біріне жақындата түсу қадамы батыл жасалуы қажет. Осыған орай, еліміздегі Ғылымды дамыту туралы жаңа заңға қажеттілік туындап отыр. Осы ойды жүзеге асырғанда ғана еліміздегі адам капиталы мен әлеуметтік өмірдің сапасы арта түседі, ұлттық инфрақұрылым өзінің біртұтастығын таныта алады.

Әзірге біздің барлығымыздың мойындайтын қоғамдық мәселе — елімізде ғылым мен өндірістің өзара әлеуметтік серіктестігі жоғары деңгейде орнықпай отыр, ғылыми зерттеулерден қоғамға тиімді, экономиканы дамытатын қомақты нәтижелер өте аз екендігі байқалады. Шындықты айтқан жөн. Өзіміздің ғалымдар жасап, өндіріске енгізілген, әлемді дүр сілкіндіретін дүниелермен жарқырай алмай жатырмыз. Сондықтан осы күрделі мәселенің түпкі тамырларын пәрменді түрде айқындайтын, дамудың тиімді жолдарын ұсынатын тетіктерді барынша жүйелі түрде енгізетін кез келді. Мәселен, өндіріске енгізілген жаңалықтар үшін үлкен сыйақылар берілгені дұрыс.

Қазақстан Республикасының Ғылым мен жоғары білім министрлігі жыл сайын әртүрлі ғылыми конкурстар өткізіп, жаңа гранттық жобалар мен ғылыми бағдарламалардың жүзеге асуына ұмтылуда. Ал енді ғылыми жобалар конкурста жеңіп шығу үшін міндетті түрде олар негізінен шетелдік сарапшыларға беріледі.

Сөйтіп, көптеген авторымыздың соны идеялары басқа мемлекеттердегі мамандардың алақанына түседі және олар өздерінше жобаны объективті бағалауы тиіс. Біздің пайымдауымызша, осы маңызды үдерісте өзіміздің ғалымдарымызға деген сенім төменгі деңгейде болмау керек. Жауапкершілікті отандық мамандарға бұрудың жолын анықтау қажет. Онсыз үнемі шетелдік мамандардың аузына қарап отырамыз.

Шетелдік ғылыми конкурстарға біздің елдің мамандары онша көп тартылмайды. Ғылым туралы заңда көптеген мәселелер жаңаша өрнектелетініне үміттіміз. Бірақ екіншіше қарай, Парламент Мәжілісінің жаңа құрамында ғалымдардың саны аз екені белгілі болып отыр.

Мейрамкүл ИСАЕВА,
Саяси зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері:

ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ
СЕНІМДІ БАҒЫТЫ

Қазақстан Республикасының VIII шақырылымдағы Парламенті Мәжілісінің бірінші сессиясы өтті. Сессияның ашылу жиынында Президент жаңадан сайланған депутаттарды құттықтаудан бастап, 2022 жылғы өткен Конституциялық реформалар талабына сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауларының сәтті өткендігі туралы пікірін білдірді.

Бұл жолғы сайлаудың өзгешелігі — сол партиялармен қатар азаматтар да бір мандатты округтен өзін-өзі ұсыну мүмкіндігіне ие болуы, партиялар мен үміткерлерге бірдей мүмкіндік берілуі, облыс әкімдері партия бөлімшелеріне жетекшілік етпейтіндігі, жоғары лауазымды қызметкерлердің партия тізімінде болмауы секілді ерекшеліктері болды. Әрбір партияның ұстанымы, идеологиясы тұрғысынан ерекшеленетіндіктен, Мәжіліске түрлі саяси көзқарастағы өкілдер келіп толықтырылды. Сайлаудағы партиялардың белсенді қызметінің көрінісі партияларды тіркеу мәселесін реттейтін заңнаманың оңтайландырылып өзгеруі де әсерін тигізді.

Сонымен қатар, сайлаудың нәтижелері мемлекетте шынайы көппартиялық жүйенің қалыптасуына деген нақты мүмкіндіктердің бар екендігін көрсетті. Мұның өзі мемлекеттегі азаматтық қоғам мен саяси мәдениеттің дамуында үлкен рөл ойнайтыны сөзсіз.

Парламенттің атқарып отырған жұмысы халыққа қолжетімді және ашық болуы арқылы ашық саясат жүргізудің жаңа стандарттарын қалыптастыруға негіз бола алады. Бұл жағдайдың өзі «Халыққа құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жүзеге асырылғандығын және еліміздегі демократиялық дамудың жаңа бір сатысына қадам басқандығын білдіреді.

САРАПШЫЛАР ПІКІРІ

ІШКІ НАРЫҚТА ТАПШЫЛЫҚ БОЛМАЙДЫ

Елімізде жанармай қымбаттайды. Қазіргі таңда қоғам болып талқылап жатқан мәселе осы. Өйткені, екі адамның басы қосылса, әңгіме сұйық отынның бағасынан басталатын болып тұр. Алайда, бұл мәселеге қатысты пікір де, ұсыныс та көп.

Билік өкілдері бағаның көтерілуін ішкі нарықта сұраныстың өсуімен түсіндіріп отыр. Кейін тапшылық басталып, жанармайдан тарықпас үшін бағаны өсіру қажет деп есептейтінін айтуда. Демек, жақында АИ-92 және АИ-93 маркалы бензин бағасы 11 пайызға, дизель отынының бағасы 20 пайызға көтеріледі. Бұл орташа алғанда АИ-92 бензинінің құны литріне 20 теңгедей, дизель бағасы шамамен 30–35 теңгеге қымбаттайды, ал бұл өз кезегінде барлық салаға әсер етіп, елімізде қымбатшылық болады деген сөз. Бұл халықтың «айлық пен зейнетақы өссе, қымбатшылық болады» деген болжамын растап отыр. Бұл мәселеге сарапшылардың көзқарасы қалай? Пікірлерін оқи отырыңыздар.

Мақсат ХАЛЫҚ,
экономист:



Жанармайдың дәл қазіргі уақытта қымбаттауы орынсыз деп ойлаймын. Неге десеміз, бұл жерде жанар-жағармайдың ғана емес, дизельдің де бағасы тұр. Егер бір ғана жанар-жағармайдың бағасы қымбаттаса, онда ол шаруа қожалықтарына, ауылшаруашылық өнімдеріне қатты әсерін тигізбейтін еді. Яғни белгілі бір тауарлардың қымбаттауы мүмкін. Алайда, дизельдің бағасы көбірек әсер етеді. Өйткені, бүкіл ауылшаруашылық техникаларының барлығы дизель отынымен жүреді. Сондықтан да бұл жерде үлкен мәселе туындап тұр. Екеуінің де бағасын өсіру — түптеп келгенде, азық-түлік бағаларының қымбаттауына әкеледі. Қазіргі кездегі Үкіметтің бұл саясаты тиімсіз. Өйтпесе, Үкіметте бір жыл бойы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуге уақыт молынан болатын. Менің ойымша, бірінші кезекте халықтың нақты қолына алып отырған табысын арттыруға көңіл бөлу керек еді. Өйткені, бізде номиналды түрде атаулы табыс көзі өсіп жатқа-



Айбар ОЛЖАЕВ,
қаржы сарапшысы:

Алдан шығар
мәселе көп

Бензинге қатысты біздегі проблемалардың барлығы диспропорциядан болып отыр. АИ-92 маркасының бір литрінің бағасы 300 теңге болмақ. Оған жетпейінше бұл нарықта тапшылық, жанармайдың сыртқа кетуі, көлемкелі бизнес проблемалары еш уақытта шешілмейтін болады. Қазір білінбейтін, бірақ ертең алдымыздан шығатын проблема.

Мұнай өңдеу зауыттарындағы амортизация және оларды жаңартуға инвестицияның жоқтығы. Сонда жанармай саласында Екібастұз ТЭЦ-індегідей апаттың орын алғанына куәгер боламыз. Себебі, біздегі барлық НПЗ 24 сағат режимде, толық қуатпен мұрнынан шаншылып жұмыс істеуде. Бірақ ішкі нарыққа бензин тек өзіндік құнымен сатылады. Яғни оны сатудан құрылғыларды жаңартуға, модернизациялауға қажетті қаражат түсіп жатқан жоқ. Бір сөзбен айтқанда, инвестицияға ақша жоқ. Сондықтан құрылғылары ескіріп, техногендік апаттар басталғанда біздегі нарықта коллапс орын алатын болады.

Біздің өміріміздің өзі «Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынадының» принципімен өтіп жатыр. Егер бензинді 300 теңге қылсақ, онда қымбатшылық одан бетер өршіп, ол әлеуметтік төлемдерді, атаулы көмекті ұлғайтуға, барлық шығындарды арттыруға алып келеді. Бюджет тапшылығы өседі. Ал егер осы қалпында қала берсе, бірдей бір жанармай саласын құрдымға кетіретін боламыз. Және орта компромистер жоқ болады. Сол себептен, бұл мәселені «не бүк, не шік қылуымыз» керек. Жағдайдың қиындығы осында.

Бетгі әзірлегендер
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

Алдымен халықтың әл-ауқатын
көтеріп алу керек

нымен, бірақ халықтың қолындағы табысы аз. Мәселен, өткен жылғы 200 мың теңгені шартты түрде бір отбасының табысы дейікші. Бұл қаражат биылғы жылғы 200 мың теңгемесі ешқандай сәйкес келмейді. Инфляция 20%, азық-түлік инфляциясы 25%-дан асып кетті. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, өткен жылғы тауарлар немесе қызметтерді алған ақшаға биыл сол көлемдегі тауарларды ала алмайды. Халық кедейленіп жатыр. Міне, осындай жағдайда қосымша келіп, тағы да әлеуметтік маңызы бар тауарларға әсерін тигізетін жанар-жағармай мен дизельдің бағасы өсті. Меніңше, бұл дұрыс емес.

Мемлекет басшысы жаңа жасақталған Парламент жиынында экономикаға баса назар аудару керектігін айтты. Егер халықтың әл-ауқаты мен экономикалық жағдайын енді ғана қолға алып жатса, онда тағы бір жыл халықтың табысын арттыруға көңіл бөлу керек. Содан кейін ғана барып қымбатшылық, тарифтерді өсіру, бағаларды бірте-бірте жіберу мәселелерін көтеруге болады. Немесе Үкіметте халықтың табысын бүгінге дейін өсіріп алған соң ғана осы қадамға арналған шешімдерді айтуға болатын еді. Одан кейін менің түсіне алмайтыным, неге тура тұқым

себу мен маусымдық егін орағы науқандары алдында дизельдің бағасын көтереді? Өйтпесе, оның өсетінін қаңтар айынан бастап айтуға болар еді ғой. Әлде сайлаудың өтуін күтті ме немесе Үкімет жаңадан тағайындалып алу керек болды ма?.. Міне, осындай сауалдардың қылаң берері жасырын емес. Меніңше, бұл шешімдер маусымдық кезеңде жүзеге аспауы керек. Бұл керісінше бағаның өсуімен байланысты тапшылыққа әкеліп соғады. Өйткені, алыстағы ауыл-аймақтарға дизель жеткізетін көптеген компаниялар жанармай тапшылығын қолдан жасауы мүмкін. Неге, өйткені, олар да тауарын қымбатырақ бағаға сатқанды қалайды. Ал мұның салдары ауылдағы шаруа қожалықтарына әсер етеді. Міне, осының барлығы түптеп келгенде азық-түліктің қымбаттауына әкеліп соғады. Сондықтан менің ойымша Үкіметтің қазіргі таңда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ауадай қажет жанармай бағасын көтеруі стратегиялық бағытта да дұрыс ойластырылмаған. Жалпы, менің жанар-жағармайдың, дизельдің бағасын өсіруге қарсы емеспін, бірақ оны ең бірінші халықтың әл-ауқатын көтеріп алмай тұрып, қымбаттатуға қарсымын.



ШАҢЫРАҚ

Ене мен келін тақырыбы әлі де күн тәртібінен түскен емес. Өйткені, әр шаңырақта ене, әр әулетте келін бар. Өмір болған соң, жақсы мен жаманның қатар өрілетіні секілді, енесін жамандайтын келін де, келінін жақтырмайтын ене де бар. Бір-бірін мақтап отыратын немесе жақсысын асырып, жаманын жасырып, шаңырақтың шаттығын шайқалтпай ұстап отырған үлкені де, кішісі де аз емес арамызда. Үш әйелдің өзара әңгімесі ене мен келін тақырыбына ойысты.

БІРІНШІ ОҚИҒА:

«Шешемнің жүзі үнемі сынық жүретін»

— Менің үлкен жеңгем, біраз жылдың жүзі болды, қазір төсек тартып жатыр, кезінде анамды сыйламаушы еді. Ісінен гөрі, сөзі көп болатын. Сол үшін де осынша қиналып жатыр деп ойлаймын кей-кейде. «Осыншалықты қинайтындай не жаздым?!» деп күңіренетіні бар дерті жанына батқан кезде. Сондай кезде ойлап қоямын іштей, баяғы күндерін, шешемнің бір кесе шайын да дұрыс құйып бермеген, құйса да кесесін сілкініп беретін сәттерін есіне алар ма екен деп. Өй, қайдам! Кейде бетіне айтып-айтып тастағым келеді, бірақ онсыз да дерт мендеп жатқан адам, шыны керек, қарғап жібере ме деп тартынып қалатыным бар.

Бала болсам да әлі күнге есімде, анам ошақ түбінде көзінің жасын бір сүртіп алып нан жауып отыратын. Сонда жеңгем шабаланып бірдеңелерді айтып жататын, ештеңе ұға қоймасам да, дұрыс қарым-қатынас еместігін түйсінетінмін. Шешемнің жүзі үнемі сынық жүретін. Сол жаныма бататын. «Мен келін болатын болсам, ата-енемді жылатпай, әлпештеп өтер едім» деп армандап кетуші едім бір сәт ондайда. Анам ерте өтті өмірден. Мені енеме табыстап кетті. Ал мен ата-енемді қолымнан келгенше құрметтедім. Енем марқұм ешқашан білмеген жерімді



бетіме басқан емес, үйрететін, жетелеп отыратын. «Сен қандайсың» дескен жеріміз жоқ. Екеуі де риза болып кетті. Баласын сүйсең, ата-анасын да қадірлейсің деп ойлаймын. Кейде түсіме кіреді. Сағынады екенмін екеуін де, — деп көзіне жас алды Айсәуле.

ЕКІНШІ ОҚИҒА:

Самаурынның шайы

— Менің анам өте жайлы, қатты сөзі жоқ, дауысы да қатты шықпайтын кісі-тін. Сырт қараған адамға жуастау көрінетін. Бірақ әлдебір мысы бар-тын өзіне бағындырып тұрар. Мен мектеп бітіре салып, қалаға оқуға кеттім. Үйге бірінен соң бірі келіндер түсе бастады. Мен жылына бір рет келемін үйге, демалысқа. Сондағы анам мен жеңге, келіндерімнің ара-қатынасына риза болатыным. Кенже келіні қолында, қалған үшеуі бөлек тұрды, бір ауылда. Біз шешемізді әжеміздің бауырында өскен үлкен ағамыздың ізімен «апа» деп кеткенбіз, ал келіндері «мама» дейтін. Осы бір ауыз сөзге жүрегім жылып,

жақсы көріп тұратынымын жеңгелерім мен келіндерімді. Анам төрт келіннің басы қосыла қалғанда, «бүйтіп жібере ғой, сен сөйтіп жіберші, ананы төрт жақтап бітіріп тастаңдар» деп бір-бірін жақындатып, шүйіркестіріп, ортасына дәнекер болып отыратын. Тұңғыш жеңгем келін болып түскенде, көршідегі апаларды шақырып алып, самаурынмен шай беріп, қолтықтарына бір-бір орамал қыстырып жіберетін. Екінші жеңгем бар шаруасын асықпай істейтін. Сонда оның ана жақта әлі еден жуып жүргенін байқап, анам барып түскі тамағының етін қуырып қойып жүретін. Үшінші келін түскенде, жас емес пе, ұйықтап қалатын көрінеді. Анам ұйқысы сергек адам, ақыры ояу жүргесін самаурын қайнатып қояды екен таңертең. Ал жас келін «енем қайнатып қойған шайды қалай ішемін» деп ұялып, таңертең көзге түспей жұмысына шығып жүре беретін көрінеді. Бір күні анам оны да отырғызып қойып, «менің әзірге самаурын қайнататын қауқарым бар, қысылма, жұмысқа шай ішіп кеткін» депті. Төртінші келіні күш-қуаты қайта бастағанда түсті. Шашын тарап, тырнағын алып беріп отыратын. Сол келіндері

шешем қайтқанда тізіліп отырып жоқтағанда, көз жасымды тоқтата алсамшы! Анамның қыркы өткенше, үйге келгенде бәрі марқұм шешемнің бөлмесіне сәлем салып кіретін. Анамның пейіліне қарай текті келіндер келді шаңырағымызға! — деді Нұргүл.

ҮШІНШІ ОҚИҒА:

«Бізге ененің мектебі керек»

— Мен ата-енем туралы ештеңе айта алмаймын. Себебі, ерте қайтыс болып кеткен екен. Дегенмен, айналаман көріп жүргенімдей, бізге ененің мектебі керек-ақ. Әйелдер бас қоса қалған кезде, еселерін жамандай жөнелетіндері де бар. Бірдеңе дей қояйын десен, «сен не білесің» дей ме деп тосылып қаласың. Бас салып шешесіне қоңырау шалып, кеше үйінде не болғанын баяндап жататын әйелдерді де көріп жүрміз. Енесін жақтырмағанын білдіріп баласын орынсыз шымшылап жылататын да келіндерді көргенбіз.

Бір танысым бар, келінін жас демей, әр ісінен ілік іздеп, ене болғанның жөні осы екен деп жер-жебіріне жетіп, білмегенін ақырын түсіндірудің орнына байбалам салып отырады. Ондай кезде келіннің беті ашылып, тілін шығарып, қадірін жоғалтып алуы да мүмкін ғой.

Қазір өзіміз де ене болатын жасқа таяп қалдық. Дегенмен, өзімді қазірден дайындап жүрмін. Үйге түскен жас келін — кешегі ерке қыз, бір шаңырақтың аялап өсірген ардақтысы. Енді ғана отау құрған ерлі-зайыптының алғашқы жылдары әрқайсысының өзіндік «мені» басым тұратыны бар ғой, өзіміз де сондай болдық, несін жасырамыз. Сол «менді», екі жақтың «менінің» тігісін жатқызатын ене деп ойлаймын. Ене салиқалы болса, шаңырақ көтерген жастардың ажырауы мүлдем болмайды деп ойлаймын. Отбасы ынтымағы үшін әркім өзінің аналық, келіндік орнын біліп, риясыз тіл табыса білсе, береке-бірлік ешқайда қашпайды деп білемін. Әрине, жылтыр сөздерді кестелеп тұрып ақыл айту оңай. Менің қандай ене боларымды уақыт көрсетер, — деп езу тартты Гауһар.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Тегін мүмкіндік



Еліміздегі атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар үшін қарастырылған мүмкіндіктер мен жеңілдіктер ішінде телевизиялық абоненттік жалғамаларды тегін орнату да бар.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің цифрлық эфирлік телевизияға кезең-кезеңімен көшу жөніндегі бұйрығына сәйкес, 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап Алматы қаласында цифрлық эфирлік телевизияға көшу жүзеге асырылып келеді.

Сандық теледидар жоғары сапалы кескін мен дыбысты алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, телеарналар мен бағдарламалардың үлкен таңдауын ұсынады. Ескі үлгідегі сигнал сыртқы әсерлерге өте осал. Мысалы, ауа райының қолайсыздығына байланысты және қатты желде жоғалып кетуі мүмкін. Сандық хабар тарату жоғары қорғаныс деңгейіне және сигнал сапасына ие, ол ұзақ қашықта қабылданады. Енді аналогтық хабар тарату

принцип бойынша жұмыс істейді: бір таратқыш — бір арна. Сандық бір таратқышта көптеген арнаны таратуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Телерадио хабарларын тарату туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен (ҚР Үкіметінің 8.11.2016 жылғы № 677 қаулысы) қамтамасыз ету қағидалары бекітілді. Оған сәйкес АӨК алушылар өтеусіз негізде телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз етіледі, яғни оларға тегін жеткізіліп,

орнатып беріледі. 2017–2022 жылдар аралығында Алматы қаласында АӨК алушы 864 отбасы осындай тегін жалғамалармен қамтамасыз етілді. Ал биыл АӨК алушыларды 50 жалғамалармен қамтамасыз ету жоспарланған.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы жеке тұлғалар осындай тегін мүмкіндікке ие болу үшін тұрғылықты тұратын жері бойынша Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының аудандық бөлімдеріне өтініш беріп, оның АӨК алушы екендігі туралы анықтамасын қоса ұсынуы қажет.

Мемлекет ұсынып отырған мүмкіндікті жіберіп алмаңыз, ағайын!

БІЛГЕНІЗ ЖӨНІ



Кене энцефалиті — тұрақты табиғи ошақтарда пайда болатын, дене температурасының көтерілуімен, интоксикациямен және жүйке жүйесінің зақымдануымен белгі беретін қауіпті вирустық инфекция. Кене энцефалиті адамға денесін кене шаққан кезде немесе ауру ешкі мен сиырдың шикі сүтін қолданғанда жұғуы мүмкін.

Қ.Тезекбаевтың айтуынша, Алматы қаласында күн жылынғалы бері кене шағып, медициналық көмекке жүгінген науқастар саны артқан. Өткен аптада ғана 52 науқас мамандарға келген, оның 23-і бала. Кене шағу оқиғалары көбіне қала маңы мен тау баурайында орын алып жатады.

Денеге жабысып қалған кенені теріден алған кезде оның бізтұмсығының қалып қоймауын қадағалап, мүмкіндігінше тезірек алып тастау керек. Мұны травматологиядағы дәрігердің жасағаны дұрыс дейді спикер.

«Егер дәрігерге бару мүмкіндігі болмаса, дәріханада немесе кез келген басқа да жерлерде сатылатын қысқышы бар арнайы пинцет қолдануға болады. Кенені барынша жабысқан жерінен ұстау керек, пинцетті тістеген жерінен перпендикуляр ұстаңыз, кененің денесін айналдырған күйі алу керек. Көп ұза-

КЕНЕДЕН ДЕ ҚАУІП БАР

Бұл туралы мамандар не дейді?

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас травматолог-ортопед дәрігері Қанат Тезекбаев кене энцефалитінің белгілері және одан сақтану жолдары туралы айтты.

май кене де теріден өздігінен шығуы керек», — деп түсіндірді Қ.Тезекбаев.

Кенелер адамды негізінен тері тіндерінің құлақтың сырт жағы, мойын, бастың шашы бар бөлігі, шынтақтың ішкі жағы, қолтық асты, іш, шап, жіліншіктің ішкі жақтары, тізе асты сынды ең жұмсақ жерін шағады. Кененің шаққаны білінбейді, осыны білген жөн.

Брифинг барысында қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс эпидемиологі Эльвира Ибрагимова кене энцефалитінің алдын алудың негізгі іс-шарасы ретінде вакциналау туралы айтты.

Маманның айтуынша, кене энцефалитінің алдын алу әсіресе таулы аймақтарда немесе саяжайлар аумағында тұратын тұрғындар үшін өзекті. Бұл аумақтарға Медеу, Бостандық, Наурызбай аудандары жатады.

Иә, аурудың алдын алудың негізгі қағидасы — вакцина салдыру. Кене энцефалитіне қарсы егу 18 жас-тан бастап жүргізіледі. Оған кене энцефалитінің эндемиялық аумағында тұратын немесе сол жерде тұратын адамдар, сондай-ақ кене энцефалитінің вирусының тірі дақылдарымен жұмыс істейтін медицина қызметкерлері жатады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ІЛІМ ӘЛЕМІ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

білім беру мен ғылымның көшбасшысы

Әрбір мектеп бітіруші түлектің арманы – ҰБТ-дан жоғары балл жинап, еліміздегі үздік оқу орындарының біріне түсу болса, әрбір студенттің мақсаты – алған білімі мен ілімін өзі оқыған оқу орнында одан әрі жалғастырып, дамытқысы келеді.

Әрине, сондай студенттердің бірі мен болатынмын. Талай түлектің арманына айналған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде оқу мүмкіндігі мен магистрлік білімімді шыңдау маған да бұйырды.

Шынында да, арман боларлықтай атына заты сай әсем қалашық менің жүрегімді студенттік кездерімнің алғаш күндерінен-ақ бірден жаулап алған еді. Себебі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – өз білімі мен дарынына сенетін көңілді де ізденімпаз жастардың ордасы екені және табалдырығын аттаған сол жалынды жастарды ғылым мен білімге жетелейтін жоғары оқу орны екені көзге бірден көрінген болатын.

Мен осы білім шаңырағына оқуға түскеннен бастап өзімді жаңа өмірге қадам басқандай сезіндім. Осылайша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да менің студенттік өмірім басталып, магистрлік білім алу жолымен жалғасын тауып, университет қабырғасынан



түлеп ұшқан соң менің тағдырыма Алматы қаласы әкімдігі аппаратының бас инспекторы лауазымында қызмет жасау бұйырды.

Көзді ашып-жұмғанша уақыттың қалай зымырап өтіп кеткенін де байқамаппын. Альма-матерімнің қарашаңырағында, Экономика және Бизнес Жоғары мектебінде, «Экономика» кафедрасында бакалавр деңгейінде білім алдым, әрі қарай «Менеджмент» кафедрасында «Жобаларды басқару» мамандығының магистрант-түлегі болдым. Ендігі кезекте, білімімді экономика саласында жетілдіру, ғылым докторы деңгейінде өзімді шыңдау мен үшін жарқын болашағым жасаған алғашқы қадамым болмақ.

ҚазҰУ қабырғасында «Экономика» және «Жобаларды басқару» мамандықтарын меңгеру арқылы заман талабына сай білім, құнды ілім, тағылымды дәріс алдым деп сеніммен айта аламын. Себебі, өз мамандығым бойынша, жобаларды талдау және оған инвестициялық баға беру, жобалардың тәуекелдерін басқару арқылы шешім қабылдау, жобалар мен бағдарламаларды жоспарлаудың және бақылаудың технологиясы мен тәжірибесін жан-жақты зерттеп, болашақ қызметіме пайдасын тигізетін, тәжірибесі мол, үлкен сұранысқа ие заманауи білім алдым деп ойлаймын.

Студенттік өмірдің ұмытылмас сәттерін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткізген жанның арманы жоқ! Алатаудың етегінде орналасқан студенттер қалашығында жиырма мың студентінің бар мүмкіндігін жасап отырған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа алғысым шексіз.

ҚазҰУ аумағының жартысынан астамында әр факультеттің жеке жатақханалары орналасқан. Салауатты өмір салтын ұстанатын студенттер үшін спорт кешендері, өнерлі жастардың басын қосатын Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы, студенттерге қызмет көрсету орталығы және ТМД бойынша ең ауқымды кітап қорымен әлемге аты мәлім кітапхана орналасқан. Сонымен қоса, ерекшелене бой түзеген шыршалар мен қайыңдардан құралған, әсем табиғатымен тамсандырған, жастардың басын біріктіретін жастар алаңы мен ғашықтарды табыстыратын ғашықтар мекені бар «қала ішіндегі қалашық» қай жанды болмасын таңқалдыратыны анық.

Осындай сапалы білім алуымыз үшін қарамағындағы студенттер мен ұстаздар қауымына жүйелі басшылық жасап отырған, Экономика және Бизнес Жоғары мектебінің деканы, экономика ғылымының кандидаты, профессор міндетін атқарушы Л.А. Бимендиеваға және студенттерге бағыт-бағдар беріп, сапалы біліммен сусындатып, сан және сапа тұрғысынан жетілуімізге аянбай еңбек етіп келе жатқан факультеттің барлық профессорлық – оқытушылық құрамына алғысымды білдіремін.

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі болғанымды мақтан тұтамын. Тіпті, есімдері халқымызға, әлемге мәшһүр Әбіш Кекілбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Дулат Исабеков және Олжас Сүлейменов секілді тарихи тұлғалардың Қазақ ұлттық университетінің түлектері екенін естігенде көңілімді мақтаныш сезімі кернеп, марқайып қалатыным бар. Сол тұлғалардың отырған аудиториясында отырып, сол кісілерге сабақ берген ұстаздардан тәлім алғанымға қуанамын. Әлемдік дәрежедегі білім мен спорт сайыстарында топ жарып жүрген әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері сол аға буынның жалғасы деп білемін. Егер мен сол үрдіске ілесе алсам, жетілгенім және биікке самғап ұша алатындай болғаным деп сенемін.

Студенттік өмірдің жарқын бейнесін көргіңіз келсе, біздің университетімізге келіңіз!

Елдос БОЛАТБЕК,
«Индустриялық аймақ – Алматы»
ЖШС
«Инвесторларды тарту кеңсесінің»
маманы.



ОЛИМПИАДА

ҮЗДІК АТАНДЫ

NIS құрамасы бесінші рет «Ең үздік олимпиадалық команда» деп танылды

Республикалық Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша өткен олимпиадада Назарбаев Зияткерлік мектептері бесінші рет еліміздің ең үздік олимпиадалық командасы деп танылды. Жас математиктер, информатиктер, физиктер, химиктер және географтар жеке және командалық есепте жеңіске жетіп, өз білімдерін дәлелдеді. Олардың қоржыны 60-тан астам медальмен толықты.

Сонымен қатар, осы мектептің оқушылары Дариан Габдуллин химия пәнінен II орынды, математика пәні бойынша III орынды Ринат Аманқос пен география пәнінен Бекнұр Оразбай иеленді.

«Ең үздік физик» атағын Алматыдағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп оқушысы Ерсултан Пітебай алды. Жақында ғана Ерсултан жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингінде көш бастаған Массачусетс технологиялық институтына шақырту алып, грантын иеленген еді.

Олимпиаданың күміс жүлдегері, команда мүшесі Альмира Нұрланова да МІТ-дің грантын иеленді. Өткен жылы география пәнінен халықаралық IGeO олимпиадасының жеңісті марафонын жалғастырған Санжар Хамитов Ақтөбе қаласындағы NIS-ті кезекті алтын медалімен қуантуда. Сонымен қатар, Зияткерлік мектептер өкілдерінің қатарында семейлік Мұхаммадириф Сахмолдин, NIS халықаралық бакалавриаттан Аида Давлетова, елордадағы физика-математика бағытындағы NIS оқушысы Санжар Бисенәлі де халықаралық беделді олимпиадаларда ел абыройын асқақтатып келеді.

Сондай-ақ, түрлі халықаралық білім бәсекелері бойынша ең көп медальді Алматыдағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп пен Павлодардағы NIS оқушылары еншілеп отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласындағы Химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектебінің оқушысы, химия пәнінен «ТУУМАА-DA» халықаралық олимпиаданың алтын медаль иегері атанып, Ендік Бақытбекова I-орынды иеленді.

ҚОСЫМША ҒИМАРАТ

Алматы қаласының мектептеріндегі оқушы орны тапшылығы кезең-кезеңмен шешіліп келеді. Дегенмен, демографиялық өсу әсеріне қарай бұл көрсеткіш әрқалай өзгеріп отырады.

«ЖЕТІСУДА» ЖАҢА МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Мәселен, былтырғы жылы Жетісу ауданының 2 мектебіне жапсарласа салынған 875 орынды қосымша ғимараттың есебінен орын тапшылығы едәуір қысқарды. Қазіргі таңда 12 мыңнан астам тұрғыны бар «Құлагер» ықшамауданындағы №148 мектепке 200 орынды қосымша ғимарат салынып жатыр. Жаңа оқу жылында қосымша ғимарат пайдаланылуға берілуге тиіс.

Дегенмен, халық санының өсуі мен ауданда тұрғын үйлердің қарқынды салынып жатуына байланысты биылғы жылы Боралдай көшесінде 1200 орынды жаңа мектеп пен бұрыннан бар мектептерге 450 орынды 2 қосымша ғимарат салынатын болады.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Шетелде құжаттарды пайдалану үшін олардың түпнұсқалығын уәкілетті органда заңды түрде растау қажет. Қалалық Әділет департаментінің өкілдері апостиль қою тәртібін айтып берген еді.

АПОСТИЛЬ

Шетелде құжаттардың заңды күші болуы үшін тағы нені ескеру керек?

Құжатқа қол қойған адамның қолтаңбаларының түпнұсқалығын және оның толық екенін растайтын арнайы мөртабан апостиль деп аталады. Ол құжатты қағаз түрінде немесе электронды түрде бекітетін мөрдін немесе мөртабанның түпнұсқалығын растайды.

«Құжаттардың шетелде заңды күші болуы үшін оларды апостильмен бекіту қажет. Бір ел берген ресми құжаттың қолжетімділігін қамтамасыз ету және оны басқа елдің аумағында қабылдау үшін іскерлік құжаттаманы, азаматтардың жеке құжаттарын, нотариустар куәландырған көшірмелер мен аудармаларды ресімдеу үшін Апостиль штампты керек», – деді Алматы қаласы Әділет департаменті тіркеу қызметі саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекші маманы Ботагөз Қарабекова.

Апостиль құжаттарды заңдастыру процесін жеңілдетеді және Гаага конвенциясына қатысушы елдердің аумағында әрекет етеді. Осы Конвенция қолданысқа енгізілгенге дейін жүргізілген ресми құжаттарды заңдастыруды жояды және оны апостиль қоюдың ресми рәсімімен

ауыстырады. Апостиль кем дегенде 9 см болатын шаршы пішінді болады және ол үлгіге сәйкес келуі керек. Конвенцияға сәйкес, апостиль құжаттың өзіне немесе құжатқа бекітілген жеке паракка қойылады.

«Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдарына Қазақстан Республикасының әділет органдары мен өзге де мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан келетін ресми құжаттарға апостиль қою құқығы берілген. Сонымен бірге, 1961 жылғы 5 қазандағы «Шетелдік мемлекеттік құжаттарды заңдастыруға қойылатын талаптарды жою туралы» конвенцияға сәйкес коммерциялық немесе кедендік операцияларға тікелей қатысты құжаттарға апостиль қойылмайды», – деп түсіндірді Алматы қаласы Әділет департаментінің тіркеу қызметі саласы әдістемелік қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы Мұқажан Мұхамед.

Апостиль жасағаны үшін 0,5 ай мөлшерінде мемлекеттік АЕК салығы алынады. Қазіргі уақытта бұл сома 1725 теңгені құрайды.

2021 жылы осы мемлекеттік қызметті электрондық форматта алу үшін Е-апостиль



пилоттық жобасы енгізілді. Қазіргі уақытта Е-APP АҚШ, Гонконг және Қазақстанды қоса алғанда, апостиль туралы Гаага Конвенциясының 50 елден көп ел пайдаланады. Бұл қызмет ресми құжаттарға апостиль мөрін беру үдерісін айтарлықтай жылдамдатады және әлемнің кез келген нүктесінен электронды апостиль қойылған құжаттарды онлайн-режимінде алуға мүмкіндік береді.

«Е-Апостиль» қызметі мына міндеттерді шешуге мүмкіндік береді: үйден шықпай және қағаз құжаттарды ұсынбай апостиль қою қызметін алу, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін оңтайландыру, электрондық тізілімді ресімдеу рәсімін жүргізе алады.

Осы ретте уәкілетті органдар мынадай факторлар анықталған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарта алады: тіркелген құжаттардың толық емес фактігін анықтаса, апостиль қоюға жататын құжаттардың болмауы немесе құжаттар ұсынылмаған жағдайда және мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті өтінішпен бекітілген, ұсынылған құжаттардың Ковенция

талаптарына, қолтаңба үлгілері мен мөр бедері құжатпен сәйкес келмесе бас тарта алады.

АПОСТИЛЬ ҚЫЗМЕТІН КЕЛЕСІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР КӨРСЕТЕДІ:

- ҚР Әділет министрлігі;
- ҚР Білім және ғылым министрлігі;
- ҚР Ішкі істер министрлігі;
- ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитеті;
- ҚР Жоғарғы судьясы жанындағы Сот әкімшілігі комитеті;
- ҚР Қаржы министрлігі;
- ҚР Бас прокуратурасы;
- ҚР Қорғаныс министрлігі;
- ҚР ҰҚК.

ПОЛИЦИЯ

ҚАЛТА ҰРЫЛАРЫ ҰСТАЛДЫ

Алматы полициясы 2 ұрыны ұстады

Алдын ала болжам бойынша күдіктілер 205-бағыттағы қоғамдық көлікте қылмыс жасаған: олар жолаушының күртесінің қалтасынан iPhone телефонын ұрлап, жәбірленушіге 200 мың теңге көлемінде материалдық шығын келтірген.



63 жастағы И. есімді азамат және 34 жастағы Б. есімді азамат күдікке ілінді.

«Күдіктілерді ұстау іс-шарасын арнайы топ мүшелері Медеу аудандық полиция басқармасының жедел уәкілдерімен бірлесіп жүргізді. Тінту кезінде ұсталғандардың бірінен Huawei телефоны тәркіленді. Ол да ұрланған болуы мүмкін. Сондай-ақ, ұсталғандардың қаланың басқа да аудандарында бұрын жасалған осыған ұқсас басқа да қылмысқа қатысы бар-жоғы анықталып жатыр. 2 күдікті де уақытша ұстау изоляторына қамалды», – деді Алматы қалалық ПД криминалдық полиция басқармасының басшысы Қуатбек Науатов.

Екеуі де мүлтік қылмыс жасағаны үшін бірнеше рет қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Қалада былтыр тауарларды сату немесе қызмет көрсету кезінде фискалды чек бермеген кәсіпкерлерге қатысты салық органдарына 3 мыңнан астам, биылғы үш айда 1200-ден астам арыз түскен. Бұл туралы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің баспасөз қызметінен мәлімдеді. Ақпаратқа сәйкес, азаматтар фискалды чектің берілмеу себебінен ақауы бар немесе мерзімі өткен тауарды қайтару, айырбастау мүмкіндігі жоқ екенін айтып шағымданған.



ЧЕКТІ ТАЛАП ЕТІҢІЗ!

Тұрғындар фискалды чек бермеген 1200-ден астам дүкен иесінің үстінен арызданды

«ҚР аумағында ақшалай есептесу кассалық аппаратты қолдана отырып жүргізіледі және тауарды сату немесе қызмет көрсету кезінде сатушы фискалды чек беруге міндетті. Кәсіпкерлер жиі жол беретін бұзушылықтар: қолма-қол ақшамен немесе банк картасымен төлеген кезде чекті бермеу, фискалды чектің орнына тауар чегін беру және жеке тұлғаның жеке шотына ақша қаражатын аудару болып табылады. Мобильді аударымдар кәсіпкерлік қызметте пайдалануға арналмаған. Мобильді аударымдар мен мобильді төлемдер арасындағы айырмашылықты түсіну маңызды.

Мобильді төлемдер – бұл мобильді қосымшаны немесе штрих-кодты сканерлейтін арнайы жабдықты қолдана отырып, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін төлем әдісі», – деп хабарлады департамент өкілдері.

Алматы қаласы бойынша МКД тұтынушылардың құқығын қорғау мақсатында азаматтарды чек беруді талап етуге шақырды. Кәсіпкердің жеке шотына аударымның орнына, мобильді төлемдер мен QR-кодты қолдану қажет екенін, чекті бермеу фактісі бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне хабарласуды сұрады.

БАЛЫҚ АУЛАУ

«УЫЛДЫРЫҚ» НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Уылдырық шашу кезеңінде балық қорының түрлерін сақтау мақсатында Экология және табиғи ресурстар министрлігімен 5 сәуір мен 5 маусым аралығында «Уылдырық» балық қорғау науқаны өткізілмек.

Елдің әр облысында өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, тыйымның мерзімдері белгіленген. Құзырлы мемлекеттік органдардың қызметкерлері тыйым салынған кезде балық аулау, балық өнімдерін заңсыз сатып алу және сату, алып жүру фактілерін анықтауға назар аударады.

Аталмыш тыйымды бұзғаны үшін заңмен 10-нан 40 АЕК көлемінде айыппұл ретінде әкімшілік жауапкершілік (ҚР ӘҚБтК-нің 383-бабы) және 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру ретінде қылмыстық (ҚР ҚК-нің 335-бабы) жауапкершілік қарастырылған. Ішкі істер министрлігі азаматтарды табиғатқа қамқор болып, бекітілген балық аулау қағидаларын сақтап, заңды бұзбауға шақырады.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

Әлем
чемпионатында
ел намысын
қорғайды

Қазақстан әйелдер құрамасы бірінші дивизионның В тобында әлем чемпионатына қатысады. Жарыс 17–23 сәуір аралығында Оңтүстік Кореяның Сувон қаласында өтеді. Топтық жарыста бірінші орын алған құрама алдағы жылы А тобында сынға түсуге мүмкіндік алады. Ел құрамасының қарсыластары – Ұлыбритания, Словения, Италия, Польша және АҚШ.

Қазақстан құрамасының ойын кестесі төмендегіше:

17 сәуір. 09.15. Ұлыбритания – Қазақстан;

18 сәуір. 09.15. Қазақстан – Словения;

20 сәуір. 12.45. Италия – Қазақстан;

22 сәуір. 16.15. Қазақстан – Польша;

23 сәуір. 12.45. Қазақстан – Оңтүстік Корея.

Еске салсақ, бұдан бұрын допты хоккейден әлем чемпионатында Қазақстан 4-орын алды.

ТЕННИС

ЕҢ ҮЗДІК ТЕННИСШІ

Елена Рыбакина айдың үздік ойыншысы атағына ұсынылды

Relevant Tennis Twitter-аккаунты оқырмандарына наурыз айының қорытындысы бойынша әлемдегі үздік ойыншыны таңдауды ұсынды. RelevantTennis мәліметіне қарағанда, үміткерлер тізіміне 4 теннисші енген.

Атап айтқанда, әлемнің 7-ракеткасы, қазақстандық Елена Рыбакина, сондай-ақ румыниялық Сорана Кырстя (WTA рейтингінде 41-орын), Беларусь өкілі Арина Соболенко (2-орын), чехиялық Петра Квитова (10-орын) айдың үздік ойыншысы атағынан үміткер. Елена Рыбакина наурыз айында Индиан-Уэллс мастерс турнирінде чемпион атанғаны белгілі.

Елена 14-15 сәуірде Астанада Билли Джин Кинг кубогінің іріктеу кезеңі аясында өтетін Қазақстан–Польша матчына қатысып, бақ сынаиды.



ЖҰПТЫҚ БӘСЕКЕ

Қазақстандық теннисшілер АҚШ-тағы жарыстың ширек финалына өтті. Андрей Голубев пен Александр Недовесов АҚШ-та өтіп жатқан Хьюстон АТР 250 турнирінің ширек финалына шықты.

Қазақстандық жұп бас-тапқы кездесуін франциялық Жонатан Эйссерик – нидерландылық Давид Пелмен өткізді.

Бір сағат 47 минутқа созылған тартысты матчта А.Недовесов пен А.Голубев

Ширек финалда



2:6, 7:6 (7:5), 10:4 есебімен жеңіске жетті.

Олар ойын барысында 4 эйс жасап, 3 брейк-пойнттың біреуін пайдаланды. Қарсыластары 3 брейкпен (7 брейк-пойнт) көзге түсті. Отандастар жартылай финалға шығу үшін жарыстың 4-ракеткалары болып тіркелген швециялық Андре Горанссон – жапониялық Бен Маклахланмен таласады.

Жалпы жұлде қоры 642 735 АҚШ долларына бағаланған Хьюстон додасы 9 сәуірде мәресіне жетеді. Ю.Путинцева екінші айналымда әлемнің 17-ракеткасы, ресейлік Екатерина Александровамен шеберлік байқасады.

ЖАСТАР



Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 республикалық мекемесінде әділет аға лейтенанты С.Бектеміровтің ұйымдастырумен жазасын өтеуші жасөспірімдер, Алматы дизайн және мода колледжі мен Алматы логистика және көлік академиясы колледжі студенттері арасында командалық спорттық жарыс өтті.

Балалар колониясындағы
«Көңілді старт»

«Көңілді старт» деп аталатын жарыс «эстафета», «қол күресі», «арқан тарту», «кір тасын көтеру», «турникке тартылу» сынды 5 тур бойынша өтті.

Ойынның тартысты өткені соншалық, командалық жарыста балалар колониясының командасы мен Алматы логистика және транспорт колледжінің командасының жалпы

ұпай саны тең түсіп, 1-орынға таласып, шағын футболдан 2:3 болып, №11 мекеме командасы жеңіске жетті. Төрешілердің шешімі бойынша 1-орынға №11 мекеменің командасы ие болса, 2-орынға Алматы логистика және көлік академиясының колледжі, 3-орынды Алматы дизайн және мода колледжі иеленді. Жарыс соңында

жеңімпаз командалар мақтау қағаздармен марапатталды.

Мұндай спорттық іс-шараның мақсаты – жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, оларға спорттың денсаулыққа пайдалы екенін түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау және жастар арасында достық, мейірім құндылықтарын дәріптеу.

ШАХМАТ

ҮШҚЫРЛАР
БӘЙГЕСІ

Қазақстан мен әлем құрамалары кездесуіне қатысатын шахматшылар анықталды

Астана қаласында ФИДЕ-нің 2023 жылғы әлем чемпионаты аясында өтетін әйелдер арасындағы Қазақстан мен әлем құрамалары кездесуіне қатысатын ойыншылар тізімі белгілі болды.

Кездесуге әлем құрамасын әйелдер арасындағы рейтингтің көшбасшысы, қытайлық Хоу Ифань бастап келеді. Сондай-ақ, құрама сапында грузиялық Нана Дзугидзе мен үндістандық Харика Дронавалли, әзербайжандық Гюнай Мамедзаде, болгариялық Нургюль Салимова, мажарстандық Зсока Гаал, өзбекстандық Афруза Хамдамова бар.

Ал Қазақстан құрамасында Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуа-

қасова, Бибисара Асаубаева, Меруерт Камалиденова, Лия Құрманғалиева, Ксения Балабаева, Алуа Нұрманова, Зарина Нұрғалиева сайысқа түседі.

Қазақстан мен әлем құрамалары 17-18 сәуірде рапид, 19 сәуірде блицтен шеберлік байқасады. Әрбір құрама 8 ойыншыдан тіркейді. Оның ішінде 4-еуі 20, 18, 16 және 14 жасқа дейінгі шахматшы болуы керек. Олар өз жас санаты бойынша бір-бірімен ойнайды.



TEATR

«Сұлу мен Құбыжық»

балақайлардың алғашқы қадамы



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында Шарль Пероның «Сұлу мен Құбыжық» мюзиклі сахналанды. Қойылымда Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектептің 3 «в» сыныбының оқушылары өнер көрсетті. Олардың актерлік шеберлігіне көрермендер де тәнті болды. Спектакль премьерасында Қазақстанның халық әртісі, театр және кинорежиссер, кинодраматург Талғат Теменов өте жоғары бағасын берді.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Мектеп оқушыларына биден сабақ беремін. Дегенмен, екінші мамандығым режиссерлік. Бірақ осы уақытқа дейін үлкен сахналарда қойылым қойған емеспін. Осы сыныптың өнерлі екендігін былтыр байқағанмын. 20 оқушының әрқайсысы жеке-дара өнерлі. Осылайша балақайлардың өнерін ұштастыра отырып, «Сұлу мен Құбыжық» қойылымын сахналадық. Спектакльге дайындалуға 4 ай уақытымыз кетті. Бұл спектакль оқушыларға да, маған да өнердегі қадамымыз болды. Қарап отырсақ, балаларға арналған қазақтілді қойылымдардың саны өте аз.

Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында алдағы уақыттарда тағы да қойылымдарды ұсынбақпыз», – дейді қоюшы-режиссер Азат Даутов.

Өздері кішкентай болса да ойлары жүрік балақайлар әндерін мүдірмей, билерін тамаша орындап шықты. Көрермендер оқушылардың өнеріне тамсанып, ерекше ілтипатын білдірді. Ұйымдастырушылар балаларға қолдау білдірген Ғ.Мүсірепов театрына алғыс айтты.

«Былыр «Буратино» қойылымын сахналаған еді. Мен олардың өнерін сол кезден байқай бастадым. Осылайша Азатпен бірігіп спектакль қоюды ұйымдастырдық. Ата-аналарының да қолдауы болды. Балақайлардың зеректілігі сонша, 1 айдың ішінде сөздерді жаттап алды.

Актерлік пен сабақтарын да қатар алып жүрді. Бұл қойылым ән мен бидің ұштасқан коллаборациясы десем, артық айтпағаным. Балалардың тілі анық, өз рөлдерін жақсы алып шықты деп айта аламын. Балалардың барлығы да талантты, өнерлі. Барлығы біздің мектептегі актерлік сахнада тәлім алады. Қойылымның аудармасын, сөзін өзіміз жаздық. Спектакльдегі әндерді балалар өз даусымен шырқады. Киімдерін ата-аналар өз қалталарынан көтерді. Біздің мектептің атынан шыққан өнерлі сынып деп мақтанып айта аламын», – дейді ұйымдастырушы, вокал бойынша жетекші Насиха Гумарова.

Көрермен әрбір кейіпкерден өзгеше күш пен таңқаларлық қабілетті байқай келе, олардың бір ғана мақсатқа – жақсылық пен әділдікке үндейтін арман-тілегін сезінуге мүмкіндік алады.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, оқушылардың орындауындағы спектакльдер алдағы уақытта үлкен сахналарда да қойылмақ. Оқиға желісі мен кейіпкерлер іс-әрекетін саралау барысында жас жеткіншек жақсы мен жаманның аражігін ажыратып, өзіндік пікір қалыптастырып үйренеді деген үміттеміз.

ОНЛАЙН-КЕЗДЕСУ

Алматы – мәдениет пен туризмнің астанасы

Шанхай ынтымақтастығы ұйымына қатысушы елдердің министрлері 2023–2024 жылдарға ұйымның мәдени және туристік астанасы ретінде Алматы қаласын бекіту ұсынысын қолдады.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметінен мәлім еткендей, ведомство басшысының міндетін атқарушы Асхат Оралов Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысушы елдердің мәдениет министрлерінің кеңесіне қатысты. Онлайн-кездесуге Үндістан, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей және Пәкістан өкілдері де қатысты.

Асхат Оралов Алматы қаласына ШЫҰ-ның 2023–2024 жылдарға мәдени және туристік астанасы мәртебесін беру туралы мәселені көтерді.

«Мен Кейн мырзаға және барлық қатысушыларға біздің бас-

тамамызды қолдағаны үшін алғыс айтамын. Бүгінгі таңда Алматы қаласында 14 іс-шараны көздейтін жоспар әзірледік. Бұл халықаралық туристік және мәдени фестивальдер, сондай-ақ марафондар. Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы да ауқымды мәдени бағдарламамен сүйемелденетін болады. ШЫҰ елдерімен барлық салада, оның ішінде туризм бағыты бойынша да ынтымақтастықты дамыту мен нығайтудың оң серпіні байқалады. Алматының мәдени және туристік астана ретінде бекітілуі туризм саласындағы көрсеткіштерді жақсартып түседі. Баршаңызды Қазақстанға келіп, еліміздің көрікті жерлерімен және мәдениет саласындағы жұмысымыздың нәтижелерімен танысуға шақырамын», – деді Мәдениет және спорт министрі.

Еске салайық, Қазақстан 2023 жылдың шілдесінен 2024 жылдың шілдесіне дейін Шанхай ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етеді.

Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ!



«ЮРКО» ЖШС жұмсақ жиһаз жасау фабрикасына:

- құрастырушы-атқышы;
- поролон желімдеуші керек.

Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қазыбаев көшесі, 264/3
Тел.: 8 747 016 41 99.

«Халықаралық травматология және ортопедия ғылыми орталығы» ЖШС-не:

- медициналық тіркеуші (тұрақты істейтін) керек.

Жұмыс уақыты – сағат 08.00–17.00. Бастапқы жалақы 100 мың теңге, одан кейін көтеріледі.

Алматы облысы, Талғар ауданы, Белбұлақ кенті, Байқоңыр көшесі, 2 А (бұрынғы «Зауыт» көшесі).

Тел.: 8 777 829 54 14, call-орталық: 8 778 250 55 64.

Жаңа филиалға:

- кеңсе әкімшісі;
- ағылшын тілі мұғалімдері;
- математика мұғалімдері;
- бастауыш сынып мұғалімдері;
- хореограф;
- бейнелеу өнерін және бисер түзуді үйрететін мұғалімдер;
- техникалық қызметшілер керек.

Тел.: 8 778 006 00 28 (WhatsApp), 8 701 184 37 34, түйіндеме үшін talshyn_education@mail.ru

Алматы қаласы, «Ақсай-4» ықшамауданы, Саин-Ұлықбек қиылысы.

«Қазақтелеком» АҚ-ның КТ Cloud Lab еншілес компаниясына:

- call-орталық операторы керек.

Мүмкіндіктер: ресми жұмысқа орналасту (толық әлеуметтік пакет, еңбек демалысы); қолайлы жұмыс кестесі (жарты күн, сондай-ақ қашықтан жұмыс істеуге де болады); тұрақты жұмыс, соған орай тұрақты табыс; мансаптық өсу.

Сізді әңгімелесуге шақырамыз: Алматы қаласы, «Ақсай-2» ықшамауданы, Марғұлан көшесі, 38 А (Б.Момышұлының бұрышы).

Тел.: 8 747 804 90 94.

«Гросс бух» ЖШС-не:

- қатардағы бухгалтерлер қажет.

Жалақысы – 180 мың теңге және бас бухгалтер жалақысы – 300 мың теңге. Тел.: 8 701 744 41 23.

А.С.Пушкин атындағы №4 гимназияға:

- * күзетшілер қажет.

Янушкевич көшесі, 58-үй.

Жұмыс кестесі – 2/2 (әр екі тәулік сайын), жалақысы – тәулігіне 9 мың теңге + зейнетақы және ӘМСҚ.

Тел.: 8 705 679 05 35, 8 747 441 32 35.

И.Есенберлин атындағы №25 гимназияға:

- * күзетші керек.

Қабанбай батыр көшесі, 128-үй, Наурызбай батыр көшесінің қиылысы. Жұмыс кестесі – 1/2, жалақы – 95 мың теңге + зейнетақы және ӘМСҚ.

Тел.: 8 705 679 05 35, 8 747 441 32 35.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Ұлы Отан соғысының қан майданын жаяу кешкен, кеудесіндегі орден-медальдары сыңғырлап, таяғына сүйеніп жүретін ардагер аталарымыздың саны азайып қалды бүгінде. Ал кейінгі ұрпақ тарихтың тереңіне кетіп бара жатқан сол сұрапыл соғыстың қасіретін, қазіргі бейбіт заманның қалай келгенін, қадірін біліп жүруге тиіс.

Биылғы мамыр айында Ұлы Жеңіске 78 жыл толады. Жеңіс күні кеудемізге сол күннің белгісі ретінде біразға дейін Георгий лентасын тағып келген болатынбыз. Ол лента қоғамда біраз дау тудырып, қарсы шыққандар аз болмаған. Нәтижесінде сары, кара түсті Георгий лентасының орнын басқан өзіміздің отандық, оюмен көмкерілген «Жеңіс» лентасы жасалды. Бұл лента әлеуметтік желілерде бірден қолдау тауып ала жөнелді. Сосын барып ресми бекітілді. Көңілге жып-жылы әсер беретін лентамыз тәуелсіз Қазақстанның Туымен түстес.

Иә, «Жеңіс» лентасы көк түсті жібек матадан дайындалған.

«ЖЕҢІС» ЛЕНТАСЫ

жас ұрпақтың соғыс ардагерлеріне деген ілтипаты



Оның ұзындығы – 30, ал ені – 3 см. Ұлттық оюмен көмкерілген лентаның екі шетінде «Отан соғысы» ордені бейнеленген.

Бүгінде жыл сайын елімізде мереке қарсаңында «Жеңіс» лентасы тұрғындарға тегін таратылып жүр. Бұл лента жай шүберек емес, оны аталарымыздың қан майданда төгілген қаны мен жеңіс үшін деп алға ұмтылғанда тамшылаған маңдай терінің белгісі һәм жас ұрпақтың тарихқа құрметі деп тануымыз керек. Осынау Жеңістің символын отаншылдықтың жарқын үлгісі десек те қателеспейміз. Көгілдір лентамыз әр ұланның кеудесінде желбіреп, олардың патриоттық сезімін оятып жатса, мақсатымыздың орындалғаны.

Бытыр Алматыда Жеңіс күніне орай 40-тан астам іс-шара ұйымдастырылды. Соғыс батырлары бейнеленген 40 билборд орнатылып, жеңіс тақырыбында қаланың барлық медиабордында және метробекеттерінде роликтер орналастырылды. 20 мың «Жеңіс» лентасы дайындалып, қала тұрғындарына таратылған болатын. Әрине, биыл да осы іс-шара заңды жалғасын табады. Тақырыпқа орай айта кетсек, Алматыда 59 Ұлы Отан соғысының ардагері және 8243 тұлға еңбеккері тұрады.

Нұржамал ӘЛШЕВА.

ОТАН ҚОРҒАУ – ПАРЫЗЫҢ!

ӘСКЕРИ БОРЫШ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Алматыда жастарды әскерге шығарып салу рәсімі өтті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

Іс-шараға Алматы гарнизонының әскери қызметкерлері, ардагер әскери қызметкерлер, Б.Момышұлы атындағы «Жасұлан» республикалық әскери мектебінің тәрбиеленушілері, «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының балалары, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың туыстары мен жақындары қатысты.

Қалада жыл сайын 3 мыңнан астам жас әскер қатарына шақырылады. Көктемде 18 бен 27 жас аралығындағы бір жарым мыңға жуық жас алматылық әскери қызметке шақырылды. Әскери бөлімдерді жасақтау аумақтық және эксклудированный қағидат бойынша жүзеге асырылады. Ол қағидат әскерге шақырылушыларды елдің бір өңірінен екіншісіне жібереді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Фархад ҚҰРМАНҒАЗИН,
Алматы қаласы Қорғаныс істері жөніндегі
департаментінің басшысы, полковник:

– Әскер – жаңа мүмкіндіктер кепілі. ҚР Президентінің Жарлығы бойынша көктемгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Осыған дейін біз наурыз айында 300-ге жуық әскерге шақырылушыны жібердік. Ал бүгін Талдықорған қаласындағы

37-десанттық шабуылдаушы бригадасына 50 сарбазды әскерге шығарып салып тұрмыз. Халқымыздың «ер – елдің қорғаны» деген аталы сөзі бар. Туған жерін қорғау батыр бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпес өсиеті, қасиетті дәстүрі. Сондықтан бүгінгі сарбаздарымыздың ерлік дәстүрін жалғастырып, Қарулы күштер қатарына алынып, Отан алдындағы әскери борышын абыроймен өтеуіне тілектеспіз!

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ МАХАББАТ»



Өтетін орны:
М.Әуезов
атындағы Қазақ
ұлттық драма
театры.
Авторы:
Д.Исабеков.
Режиссері:
А.Кәкішева
Күні мен
уақыты:
6 сәуір, 19.00.

«НАУРЫЗ ДУМАН» концерті



Өтетін орны: Абай
атындағы қазақ
мемлекеттік
академиялық опера
және балет татры.
Күні мен уақыты:
6 сәуір, 19.00.
Ұзақтығы:
2 сағат, 40 минут.
Концертте:
Театрдың жетекші
солистері өнер
көрсетеді.

«АЛТЫННЫҢ СЫНЫҒЫ, АСЫЛДЫҢ ТҮЯҒЫ»



Өтетін орны:
Ә.Қастеев атындағы
ҚР Мемлекеттік өнер
музейі.
Күні мен уақыты:
Көрме сәуір айының
10-ына дейін өтеді.
Көрме:
С.Қожықовтың
шығармашылығына
арналады.



КӨКПАР – ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

АРҒЫМАҚ МІНГЕН АРҰ

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНА КӨКПАР ТАРТУ ЖАТ ЕМЕС



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Жылқы – төрт түліктің төресі

Соңғы кездері әлеуметтік желіге жүктелген сурет, бейнелерден жылтыраған, кымбат, кез келгеннің қолы жете бермейтін нәрсе емес, барынша қарапайым дүниелердің өтімді болып жүргенін сіз де байқаған боларсыз?! Яғни қазір трендте – шынайылық.

Ат жалын тартып мініп, сәйгүлікпен желдей ескен шабандоздардың бейне-жазбалары әлеуметтік желіде жиі жарияланып жүр. Әсіресе, ауылдағы ат баптайтын азаматтар, кішкентай балалар, тіпті, жасөспірім қыздар ат үстінде шауып бара жатқанын рухты әнмен желіге жүктейді. Нәтижесінде қаралымы көп, әсерлі, керемет дүние шығады. Жылқы малын қолға үйреткен алғашқы жұрт қазақ жерін мекен еткенін ескерсек, бұған таңқалудың түк те керекі жоқ. Бірақ текті жануардың қадірін түсініп, бабын таба білген жандарға, оның үстіне жастарға еріксіз таңдай қағасын. Атқа міну дәстүрінің әлі де сақталғанына қуанасын...

Ат үстіндегі адуынды ойын

Қазақта ат спортына жататын жарыс түрлері көп. Солардың бірі – білектілер мен тақымы мықтыларға ғана тән – көкпар. Ұлттық ат спорты сынға түскенде, бастысы – күш пен әдіс ұштасу керек. Көкпарда жәй ғана атқа мініп, шаба білу аздық етеді. Кез келген адам аттың бабын тауып, ыңғайын жақсы білсе де, көкпар тарту мүлдем бөлек нәрсе. Ер-азаматтың күші мен шыдамы сыналатын көкпарға қыздардың да атсалысқаны дұрыс па? Күні кеше желіге тараған, көптің ықыласына бөленген, 5 жасында атқа қонып, 15-інде көкпар тартқан Алтынай есімді көкпаршы қызды көргеннен кейінгі ең бірінші ойға оралған нәрсе – осы болды.

Дегенмен, бұл сұраққа қатысты пікірлер екіге жарылып жатыр. Желіге жүктелген

Жануар атаулының ішінде болмысы бөлек, сұлулықтың идеалы саналатын мінсіз жылқы түлігін ерекше жақсы көремін. Қазанаттың құлағында еркін ойнап, құдды бір сол аттың үстінде туғандай ерекше үйлесе кететін жандарға қызыға қараудан ешқашан жалықпаймын. Қазір ат спорты деген түсінік қалыптасқан. Қала маңында атқа еркін отыруды үйрететін бағасы қолжетімді арнайы клубтар да көбейіп келеді.



бейнежазда оқырмандардың дені ешқандай боямасыз, шынайылық пен нәзіктік үйлесім тапқан қазақ қызына тамсанып, сәттілік тілеп жазыпты. Осылайша шабандоз қыз көпшілікті тәнті етті.

Бірнеше ай бұрын қала маңында ұйымдастырылған көкпарға барғанымда, әңгіме арасында палуандардың бірі «қыз баланың көкпар тартқаны дұрыс емес» деп кесіп айтқаны бар. Халқымыздың еш жерде жазылмаған, дәстүр мен салт арқылы бүгінге жеткен өзандылықтары бар. Солардың бірі – қазақтың көкпарға қыз баласын қатыстырмауы. Ұлттық спорттың бұл түрі пайда болғалы келе жатқан үрдіс әйел жыныстың көкпарға араластырмауының нақты себебін әлі күнге түсіне алмадым. Аса қауіпті, ең экстремалды спорт түріне жататындықтан болар деп топшыладым.

Осы орайда «Қазақ жылқысының тарихы» атты энциклопедияға татитын кітаптың авторы, 40 жылға жуық ғұмырын жылқының, қазақ пен жылқының байланысын зерттеуге арнаған Ахмет Токтабайдың да пікірін біле кеткенді жөн көрдік.

Сурет massaget.kz сайтынан алынды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ахмет ТОКТАБАЙ, тарих ғылымының докторы, этнограф:

Қазақта көкпаршы қыздар көп болған

Қазақ – көшпенді халықтардың ішінде өз этномәдениетін сақтаған ең ірі халық. Қазақ тарихында Алтай қазақтарының арасында көкпар тартқан қыздар болған. Оған таңқалудың қажеті жоқ. Көпшілікке көрсетіп, жиі насихаттау керек деп санаймын. Жазба деректерде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде көкпаршы қыздар кездеседі. Бірақ жаппай тек қыздар ғана көкпар тартқан жоқ, әрине. Қыздардың көкпар тартқаны, сол арқылы халықтың алдында беделге ие болғаны туралы әңгімелер бар. Сондықтан қазақ қыздарының көкпар тартқанын жоққа шығара алмаймыз.

Қазір де қазақ қыздарының арасынан көкпар тартатын қыздар

шығып жатса, оған тек қуану керек. Жаман нәрсе емес қой. «Қазақ жылқысының тарихы» деген кітабымды жазарда 30 жылдай зерттедім. Бүкіл Қазақстанды, шетел қазақтарын араладым. Елдің кез келген өңірінде көкпаршы қыздар жайында деректерді жиі кездестірдім. Қазақта барымташы қыздар да болған. Ер-азаматтармен қатар жаудың жылқысын айдауға қатысқан. Қазір қыздар зілтемір көтеріп, ауыр атлетикамен де айналысып жүр. Оның қасында көкпар тарту деген аса қиын емес. Қыздардың аттың құлағында еркін ойнауы – үлкен өнер. Ат спортының барлық түрі қыз балаға тән.

Француз ғалымы В.Буазеннің «ер мен әйел теңдігі көшпенділер атқа мінгенде басталды» деген сөзі бар. Ертеде Еуропада, т.б. отырықшы елдерде атқа тек ер-азаматтар мінді. Ал көшпенділерде ер мен әйел атқа қатар мінген кезде оларда белгілі бір дәрежеде теңдік қалыптасты.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«ҚАЗДАР МЕН АҚҚУЛАР» ертегісі



Өтетін орны: Алматы қаласының мемлекеттік куыршақ театры.

Күні мен уақыты: 6, 11 сәуір, сағат 11.00.

«ВАЙН ЕМЕС КИНО» комедиясы



Өтетін орны: Барлық кинотеатрларда.

Режисері: М.Оспанов.

Рөлде: А.Әшімов, Ж.Дүйсенбиева, М.Әбдікерім, т.б.

Күні мен уақыты: 6–8 сәуір, 13.30, 15.40, 17.30, 19.00.

«ӨРЛЕУ» халықаралық байқауы



А.Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің мұрындық болуымен 4–10 сәуір аралығында хореографиялық оқу орындарының VIII «Өрлеу» халықаралық байқауы өтіп жатыр.

Мақсаты: Қазақстан хореографиялық білімі мен өнерінің әлемдік аренадағы имиджін ілгерілету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Байқаудың VIII маусымы қазақтың тұңғыш кәсіби балеринасы, Қазақ КСР халық әртісі Сара Ыдырысқызы Көшербаеваның 90 жылдығына арналған.

Өтетін орны: Almaty Theatre, гала-концерт.

Күні мен уақыты: 9 сәуір, сағат 19.00-де.

ДҮЙСЕНБІ
10 СӘУІР

Almaty TV АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
7.00 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
8.00 Төрлет, өз-Наурыз!
10.00 Алматы со вкусом
10.15 Мультфильмы
11.30 Мультфильм.
Татонка, Джеки Чан
13.00 Үздік әзілдер
14.00 Телехикая.
«Отыздан асып
барамын»
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 Женский киноclub.
«Восточные сладости»
17.15 Женский киноclub.
«Мама-детектив»
18.00 Әсем әуен
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Ораза қабыл болсын!
20.10 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
21.00 Телехикая.
22.00 Мужской сериал
23.45 Телехикая.
«Отыздан асып
барамын»
0.45 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
1.45 Шешімі бар
2.35 Өмір иірімі
3.15 Дала сазы
3.40 Алматы тұнған тарих
4.00 Алматинские истории
4.25 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 «Күй-керуен»
7.00 «TANSHOLPAN». Таңғы
ақпаратты-сазды
бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Махаббат тұтқыны».
Телехикая.
12.00 «ӨМІР КӨРКЕМ».
Тікелей эфир
13.00 AQPAPAT
13.10 «Жат бауыр». Телехикая.
(с субтитрами)
14.25 «Ғазиз ғұмыр».
Деректі фильм
14.55 «Arta». Сараптамалық
бағдарлама.
15.45 «Aqorda»
16.00 «Айман&Шолпан»
Телехикая.
(с субтитрами)
17.00 AQPAPAT
17.15 «Ауылдастар»
18.00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу. Тікелей эфир.
21.30 «ЖАТ БАУЫР».
Телехикая.
(с субтитрами)
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.20 «1001 ТҮН».
Қоғамдық бағдарлама.
Тікелей эфир
0.35 AQPAPAT
1.10 «Сана»
2.10 «Өмір көркем»
3.00 «Ауылдастар»
3.30 Өнұран

ХАБАР

- 05.00 ҚР Өнұраны
05.00 Мегахит.
«Штурм Белого дома»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.30 Мультфильм. «Три
богатыря. Ход конем»
11.45 Мультсериал. «Десять
друзей кролика»
12.00 Телехикая.
«Үкім»
14.00 Тікелей эфирде
«АйнаLine»

- 15.00 Телевикторина.
«Бегом за деньгами»
16.00 Телесериал.
«Список желаний»
18.00 Новости.
18.15 Ток шоу. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.15 Ток шоу. Біздің мақсат
20.00 Телехикая. «Үкім»
21.45 Телехикая. «Келінжан»
23.00 «Ұйқым келмейді»
Тікелей эфир!
00.00 «StartUp KZ»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
06.30 What's up?
07.00 «31 әзіл»
08.00 «Жапырақтар
төгілгенде» түрік
телехикаясы (повтор)
09.00 Мультсериал «Команда
«Мстители»
09.30 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.10 КИНО. Жан-Клод
Ван Дамм в боевике
«Патруль времени»
(повтор)
12.20 КИНО. Крис Пайн
в фантастическом
боевике «Стартрек.
Бесконечность»
(повтор)
15.00 КИНО. Дженнифер
Лопес, Айс Кьюб в
боевике «Анаконда»
17.00 Шоу «Battle пар».
Прямой эфир
20.00 Информбюро
(рус/каз)
21.00 КИНО. «Годзилла»
23.50 «Жапырақтар
төгілгенде» түрік
телехикаясы
00.50 Үнді сериалы
«Анулама»
01.40 What's up?
02.30 Әзіл студия
03.50 1001 Әзіл
04.00 BALA BATLLE
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ»
бағдарламасы
7.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
10.00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10.45 Анна Тараторкина,
Данила Дунаев,
Дмитрий Пчела в
многосерийном фильме
«НАША ДОКТОР»
14.10 «НОВОСТИ»
14.20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы.
Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.35 Премьера. Денис
Рожков, Анастасия
Тюнина, Алексей Нилов
в многосерийном
фильме «УСЛОВНЫЙ
МЕНТ 3»
0.00 Премьера. Сергей
Безруков в
многосерийном фильме
«ШПИОН»
1.00 Ночной кинотеатр.
«БРЕЖНЕВ»
1.55 «НОВОСТИ»
2.00 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
2.10 «KÖREMİZ»
бағдарламасы
2.55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3.20 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ»
бағдарламасы
4.20 «П@УТИНА»
бағдарламасы
До 4.55

7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 Т/х «Няня map»
07.30 Т/х «Тақиясыз періште»
08.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.00 Т/п «Гадалка»
09.30 Х/с «Стеклянная
комната»
13.30 Т/с «Женский доктор»
14.30 Ток-шоу «Қыздар-ай»
15.30 «Battle сөз»
16.00 Т/х «Тақиясыз періште»
16.30 Т/с «Идеальная семья»
17.00 Т/с «Семейные узы»
18.00 Премьера! Т/с «Ничто не
случается дважды»
20.20 Премьера! Т/с «Штурм»
21.30 Т/х «Жайна+»
22.00 Т/х «Нағыз әке»
23.00 Т/х «Жалдамалы
әйелдер»
00.00 Т/х «Няня map»
00.30 Т/с «Идеальная семья»
01.00 Jaidarman
01.50 Т/п «Тамаша 7 км»
02.40 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

- 07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ»
(қайталау)
07.30 «БӘРІ ЕСІМДЕ»,
корей телехикаясы.
Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
08.00 «ЖАЛА МЕН
ЖАУЫЗДЫҚ». Өзбек
телехикаясы. С
субтитрами на русском
10.00 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)
11.00 «ПО ТУ СТОРОНУ
СМЕРТИ-2»,
остросюжетный
детектив (худ.сериал)
15.10 «ТУЧА», казахстанское
кино (повтор)
16.30 «ЕКІНШІ ӘЙЕЛ»,
өзбек телехикаясы. С
субтитрами на русском
17.40 «ӨТКЕН КҮНДЕР»,
өзбек телехикаясы.
Тұсаукесер! С
субтитрами на русском
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»,
ток-шоу. Жаңа маусым!
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ДОМ ЧУЖИХ ТАЙН»,
мелодрама. Премьера!
(худ.сериал)
23.40 «ХОЛОД»,
остросюжетный
детектив. Премьера!
(худ.сериал)
01.15 «ПСИХОЛОГИЯ
ПРЕСТУПЛЕНИЯ»,
остросюжетный
детектив (повтор)
(худ.сериал)
02.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»,
ток-шоу (қайталау)
02.45 «ӨТКЕН КҮНДЕР»,
телехикая (қайталау)
04.00-
04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

- 07.00 Өнұран
07.05 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Чемпионат Мира.
Мужчины. Короткая
программа. 1-часть
08.40 «Тұлға». Д.Тұрлыханов.
Деректі фильм
09.15 ВОЛЕЙБОЛ. Ұлттық
Лига. Плей-офф.
(Әйелдер) 1/4 финал.
«Қуаныш» – «Тұран»
10.40 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
Лигасының журналы
11.30 Грек-рим күресінен
Азия чемпионаты.
Квалификация (60 кг,
67 кг, 72 кг, 82 кг, 97 кг)
Тікелей эфир
13.00 Грек-рим күресінен Азия
чемпионаты. Жартылай
финалдар (60 кг, 67 кг,
72 кг, 82 кг, 97 кг) Т/эфир

- 14.00 Грек-рим күресінен Азия
чемпионаты. Жұбаныш
белдесулері (60 кг, 67 кг,
72 кг, 82 кг, 97 кг)
Тікелей эфир
14.30 Күнделік. Шахматтан
Әлем Чемпионаты.
1-шығарылым
14.35 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
15.00 ШАХМАТЫ. Матч за
звание Чемпиона мира
по шахматам 2023. Ян
Непомнящий (ФИДЕ) –
Дин Лижэнь (Китай).
2 раунд. Прямой эфир
18.00 Грек-рим күресінен Азия
чемпионаты. Финал
(60 кг, 67 кг, 72 кг, 82 кг,
97 кг) Тікелей эфир
21.00 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.35 «THE RING».
4 бағдарлама.
(Тұрсынбай Құлахмет)
22.00 ММА. «ОCTAGON 40»
01.00 «АЛАМАН».
6 бағдарлама
01.25 Өнұран

BALAPAN BALAPAN

- 7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Еркелер»
7.45 Анимация. Отандық /
«Балапан және оның
достары»
8.10 «Көк орманның
еркелері» Мультхикая.
8.35 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
9.00 «Қане, бізге қосыл!»
ойын-сауықтық
бағдарлама
9.10 «Қайсар автобус»
Мультхикая.
9.25 «Miss Kaussar»
танымдық бағдарлама
9.35 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
9.50 Анимация. Отандық /
«Пырақтар»
10.00 «Достық – жеңілмейтін
күш» Мультхикая.
10.25 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
10.50 «Еңбек-ермек»
танымдық бағдарлама.
11.00 «Кітап қана» танымдық
бағдарлама.
11.05 «Трансформерлер.
құтқарушы боттар»
Мультхикая.
11.30 Анимация. Отандық /
«Алтын кілт»
11.40 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
12.00 «Анаммен бірге/
әкеммен бірге»
танымдық бағдарлама.
12.05 «Ауыл жұлдыздары»
ситком.
12.45 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
13.00 Тікелей эфир
«Кім тапқыр?»
интеллектуалдық ойын
13.35 «100% қасқыр»
Мультхикая.
14.00 «Ерекше қажеттілігі
бар балаларға арналған
анимация мектебі»
танымдық бағдарлама
14.15 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
14.30 «Сынық сынып» ситком.
14.50 Анимация. Отандық /
«Балапан және оның
достары»
15.25 «Қайсар автобус»
Мультхикая.
15.40 Анимация. Отандық /
«Жібек»
15.50 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
16.10 Анимация.
Отандық /
«Еркелер»

- 16.50 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
17.15 «Тәуекел» спорттық
бағдарлама
17.40 «Этикет әлемі»
танымдық бағдарлама
17.55 «Ауыл жұлдыздары»
ситком.
18.35 «Құтқарушы
ойыншықтар»
Мультхикая.
19.00 «Көк орманның
еркелері» Мультхикая.
19.25 «Ойыншық сақшылар»
Мультхикая.
19.40 «Кітап қана» танымдық
бағдарлама.
19.50 «Достық – жеңілмейтін
күш» Мультхикая.
20.20 «100% қасқыр»
Мультхикая.
20.45 «Сынық сынып» ситком.
21.05 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
21.25 «Трансформерлер.
құтқарушы боттар»
Мультхикая.
21.50 Анимация. Отандық /
«Алтын кілт»
22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация. «Сақалар»
22.40 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
23.05 «Момба мен Моми
зерттеулері»
Мультхикая.
23.25 Анимация. Отандық /
«Ертемір»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANA TV

- 06.00 «Кішкентай келін»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Гульчатай» телесериал
10.00 «Қара шаңырақ»
телехикаясы
12.00 «Ұлым» түрік
телехикаясы
14.00 «Жаралы сезім»
корей телехикаясы
15.35 «Склифосовский»
телесериал
18.00 «Двойная жизнь»
телесериал
19.00 «Гульчатай» телесериал
20.00 «AstanaTimes»
21.00 «Үміт үйі» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
00.00 «Жаралы сезім»
корей телехикаясы
01.20 «Склифосовский»
телесериал

TALIM TV TALIM TV

- 07.00 Views
08.10 Қышқыл мысқыл
09.00 Балалық шаққа саяхат
09.30 Проза параграфы
09.55 Сау болайық
10.10 Қалақай
10.30 Бабалар сөзі – өсиет
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Фибратты ғұмырлар
13.30 Абайдың жолы
14.10 Talim Speakers
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Сырласайық» (Архив) –
Қайталау
16.00 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Айтыс. Алтын қор
17.50 Dara il
18.20 Оңline
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет»
18.50 Сау болайық
19.00 Тәлім trend
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
21.00 Ұлт саулығы
21.15 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Руханият
22.30 Менің анам, әкем
22.55 Views



СЕЙСЕНБІ 11 СӘУІР

16.00 «Үлкен үй-4» – телехикая
17.00 Сау болайық
17.10 Views
18.15 Әжемнің әңгімесі
18.30 «Балалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Қазақы әңгіме
19.35 Саммари 100 кітап
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Емен-жарқын
21.00 Ұлт саулығы
21.15 «Үлкен үй-4» – телехикая
22.00 Абайдың жолы
22.30 Orkeni style
22.55 Views



«ҚАЗАҚСТАН ДАУЫСЫ. БАЛАЛАР». Балаларға арналған музыкалық жоба.
«ҚАЗАҚСТАН» телеарнасы. Сағат 20.40-та.

ЖЕКСЕНБІ
16 СӘУІР

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Детский концерт
8.00 Мультфильмы
9.30 Детский кино клуб
11.00 Детский кино клуб
12.30 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.00 Ораза қабыл болсын!
20.10 Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
Телехикая.
«Ұлы Селжүктер»
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.30 Обо всем без купюр
3.00 Алматинские истории
3.25 Алматинские каникулы
3.35 Алматы кеші
4.20 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 ҚР Өнұраны

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Өнұран
6.05 «Жәдігер»
6.30 AQPAPAT
7.00 «Күміс көмей»
7.35 «Зинһар»
8.20 «AQSAҮҮТ»
8.40 «Көңіл толқыны»
10.00 «Махаббат тұтқыны».
Телехикая.
12.00 «Qazaqstan дауысы.
Балалар»
13.45 Дисней ұсынады.
«Бемби 2». Мультфильм
(АҚШ, 2006 ж.)
14.55 «Титаник». Көркем
фильм (АҚШ, Мексика,
Австралия, Канада,
1997 ж.)
18.00 «МАХАББАТ ТҰТҚЫНЫ».
Телехикая.
20.00 «АРТА». Сараптамалық
бағдарлама. Тікелей
эфир
20.50 «ГАУНАРТАС». Мәдени-
танымдық бағдарлама
22.30 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
(с субтитрами)
23.30 «Көңіл толқыны»
0.40 «Арта». Сараптамалық
бағдарлама.
1.30 «Aqsaуut»
1.50 «Күміс көмей»
2.35 «Жәдігер»
3.00 Өнұран

ХАБАР

05.00 ҚР Өнұраны
05.00 «Жұлдызды жекпе-жек»
06.15 Концерт. «Елге сәлем»
Мейрамбек Бесбаев
08.00 «Құнды құжаттар»
09.00 «Спорт әлемі»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 Мегахит. «Патруль. по
закону улиц»
12.00 Мультфильм. «Урфин
Джус и его деревянные
солдаты»
13.15 Мультсериал. «Десять
друзей кролика»
13.30 «Балакай»
14.15 «Эрекет»
14.45 Тұсаукесер! «Cover
show» Мейрамбек
Бесбаевпен
16.30 «Жайдарман»
17.30 «Маска»
19.30 «Маңдай тер»
21.00 Информационный
канал – аналитическая
программа «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских
расследований»
22.15 «Киноман»
22.45 Мегахит.
«Большая игра»
01.00 ҚР Өнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӨНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 What's up?
08.00 Тамаша live
09.00 «TeleBingo»
прямой эфир

09.25 Готовим с Адель
10.00 Мультсериал
«Маша и медведь»
10.30 Анимационный фильм
«Шерлок Гномс»
(повтор)
12.10 Анимационный фильм
«Зверополис» (повтор)
14.30 КИНО. Том Холланд
в приключенческом
боевике «Анчартед. На
картах не значится»
(повтор)
17.10 КИНО. Мартин Фриман
в фэнтези «Хоббит.
Битва пяти воинств»
(повтор)
20.10 КИНО. Крис Хемсворт
в фантастическом
боевике «Люди в
черном. Интернэшнл»
22.30 «Алдараспан»
00.30 Тамаша live
02.30 Әзіл студия
04.00 1001 Әзіл
04.30 Ризамын
05.00 «31 әзіл»
05.30 What's up?



ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА»
бағдарламасы
8.50 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.00 «ПРОУЮТ»
9.50 Валерия Арланова, Олег
Штефанко в фильме
«УДИВИ МЕНЯ»
11.45 «QAIYMAK»
12.15 Елена Яковлева,
Владислав Ветров,
Галина Звягинцева,
Алексей Бардуков в
фильме «НАЙДЕНЬШ 3»
15.35 «НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ».
Многосерийный фильм
19.00 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой эфир
21.00 Дана Абызова,
Вячеслав Дробинков,
Наталья Курдюбова,
Егор Баринков в
многосерийном фильме
«ПЛОХАЯ ДОЧЬ»
0.40 Премьера. ИСТОРИЯ
ЧУДЕСНОГО СПАСЕНИЯ
В ФИЛЬМЕ «ОДНА»
2.30 «П@УТИНА»
бағдарламасы
3.15 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
До 4.55



7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.50 Jaidarman
07.40 Алдараспан
08.30 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Т/п «Измайловский
парк»
11.30 Шоу «Маска»
15.00 «Қызықты weekend»
16.00 Алдараспан
17.00 Х/с «Лабиринт»
21.00 Х/с «Черная вдова»
00.50 Т/п «Құтты қонақ»
01.20 Jaidarman
02.00 Келесі кім?
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 Т/п «Жеңіп көр»
05.00 Т/п «Қуырдақ»



КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «БАУЫРЖАН-ШОУ»
08.00 «ОЗАТ ОТБАСЫ»,
ток-шоу
09.00 «СМЕЯТЬСЯ
РАЗРЕШАЕТСЯ»
11.00 «ДИРЕКТОР ПО
СЧАСТЬЮ», мелодрама
(повтор) (худ.сериал)
15.00 «БЕЛГІСІЗ ҚАНЫШЕР»,
көркем фильм
(өзбек худ. фильм)
17.00 «ЖАРАЛЫ ЖҮРЕК»,
көркем фильм
(өзбек худ. фильм)
18.30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»,
ән-шашу
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым

22.00 «АҒА», казахстанское
кино (худ.фильм)
23.40 «ПО ТУ СТОРОНУ
СМЕРТИ-2»
остросюжетный
детектив (повтор)
(худ.сериал)
01.40 «БЕЛГІСІЗ ҚАНЫШЕР»,
көркем фильм (өзбек
худ.фильм) (қайталау)
03.10-
04.30 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

07.00 Өнұран
07.05 ФУТБОЛ. УЕФА
Чемпиондар Лигасының
журналы
07.30 ФИГУРНОЕ КАТАНИЕ.
Чемпионат Мира. Танцы
на льду. Произвольная
программа
10.45 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
11.20 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
Лигасының журналы
12.10 НАСТОЛЬНЫЙ ТЕННИС.
VI летняя Спартакиада
13.25 «SPORT REVIEW»
ақпараттық-
сараптамалық
бағдарламасы
13.55 Күнделік. Шахматтан
Әлем Чемпионаты.
3-шығарылым
14.00 «АЛАМАН».
10 бағдарлама
14.20 ФУТБОЛ. Программа
«Тур по туру». Прямой
эфир
15.00 ШАХМАТЫ. Матч за
звание Чемпиона мира
по шахматам 2023. Ян
Непомнящий (ФИДЕ) –
Дин Лижэнь (Китай).
6 раунд. Прямой эфир
16.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Ақтөбе» – «Атырау».
Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Астана» – «Қайрат».
Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ. OLIMPBET-
Қазақстан Чемпионаты.
«Ордабасы» – «Тобыл».
Тікелей эфир
23.00 «THE RING».
7-бағдарлама.
(Абылайхан Жүсіпов)
23.25 ММА. «ALASH PRIDE 81»
01.50 ФУТБОЛ. УЕФА Еуропа
Лигасының журналы
02.40 Өнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Өнұраны
7.05 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
7.40 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
8.00 Анимация. Отандық /
«Ғажайып әлем»
8.25 «Супер әке» Мультхикая.

8.50 Анимация. Отандық /
«Бабалар ізі»
9.05 «Сиқырлы ас үй»
Мультхикая.
9.15 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
9.40 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
10.05 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
10.20 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
10.45 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
10.55 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
11.05 «Құпия кітап» ситком.
11.30 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
11.40 «Горм сақшылары»
Мультхикая.
12.05 Анимация. Отандық /
«Қобыланды батыр»
12.20 Анимация. Отандық /
«Бабалар ізі»
12.35 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
12.50 «Аға болғым келеді»
ситком.
13.05 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
13.25 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
13.30 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
13.45 Анимация. Отандық /
«Ғажайып әлем»
14.10 Анимация. Отандық /
«Балапан түлек»
14.25 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
14.40 «Дарын мен Айзере»
ситком.
15.00 Анимация. Отандық /
«Бала Бекзат»
15.20 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
15.35 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
16.10 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
16.25 «Супер әке» Мультхикая.
16.50 «Топбасшы Юху»
Мультхикая.
17.05 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
17.20 Анимация. Отандық /
«Бөпе»
17.35 Анимация. Отандық /
«Күшті көліктер»
17.40 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
18.10 «Аға болғым келеді»
ситком.
18.25 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
18.40 «Сиқырлы ас үй»
Мультхикая.
19.00 «Құпия кітап» ситком.
19.30 Анимация. Отандық /
«Жұлдыздар әлемі»
19.45 Анимация. Отандық /
«Экосарбаздар»
19.55 «Саммер мен Тодд.
Көңілді фермерлер»
Мультхикая.
20.25 «Баданаму хикаялары»
Мультхикая.
20.45 «Super отбасы»
отбасылық бағдарлама
21.15 «Дарын мен Айзере»
ситком
21.35 «Горм сақшылары»
Мультхикая.

22.00 «Әжемнің ертегісі»
кешкі ертегі.
22.15 Анимация. Отандық /
«Су астындағы оқиға»
22.30 Анимация. Отандық /
«Бабалар ізі»
22.45 Анимация. Отандық /
«Сиқырлы тас»
23.20 Анимация. Отандық /
«Шахмат патшалығы»
23.35 Анимация. Отандық /
«Дәрігер Дана»
23.55 «Бесік жыры» – Өнұран
0.00 Эфирдің жабылуы



ASTANA TV

06.00 «Кішкентай келін»
телехикаясы
07.00 «Маша и медведь»
Мультфильм
09.00 «Двойная жизнь»
телесериал
11.20 «Жұлдызды жекпе-жек»
жобасы
13.20 «Алдараспан»
17.40 «Самоотверженная
любовь»
Индийское кино
21.00 «Үміт үйі» түрік
телехикаясы
21.55 «Тағдыр талқысы»
үнді телехикаясы
00.00 «Время первых»
Худ. фильм



TALIM TV

07.00 Views
08.10 Руханият
09.00 Айтыс. Алтын қор
09.30 Саморазвитие с
Маржан-коуч
09.55 Сау болайық
10.10 «Баланы бала
демеңіз» – Балалар
уақыты
10.30 Балалар сөзі – өсиет
11.00 Қазақ спортының
классикасы
11.30 Кестелі орамал
12.00 Ұлт саулығы
12.20 «Тессаодағы тіршілік
формуласы-1» –
Деректі фильм
13.10 «Тессаодағы тіршілік
формуласы-2» –
Деректі фильм
14.00 Айтыс Strike
14.50 Ұлт саулығы
15.00 «Шымкентский
вариант» –
Қысқа метражды
фильм
15.30 ТамашаLike
16.00 «Үлкен үй-4» –
телехикая
17.00 Сау болайық
17.20 Бір дубль
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» –
Терме
18.50 Сау болайық
19.00 Балалық шаққа саяхат
19.35 Бақытты отбасы
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Talim Speakers
20.40 Пруст сауалнамасы
21.00 Ұлт саулығы
21.15 «Үлкен үй-4» –
телехикая
22.00 YouTube Times
22.55 Views

«ЕЛГЕ СӘЛЕМ» атты концерт.
«ХАБАР» телсарнасы. Сағат 06.15-те.



● КОНФЕРЕНЦИЯ

АҚПАРАТТЫҢ АЯЗБИ

Әл-Фараби атындағы кітапханада журналист, ұстаз, ғалым Аязби Ақбергенұлының мерейтойына орай, «Қазіргі БАҚ пен баспа ісінің брендин қалыптастырудағы медиадизайнның рөлі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Халықаралық конференция офлайн және онлайн форматта өткендіктен, еліміздің бірнеше қаласындағы жоғары оқу орындары тікелей байланысқа шығып, қатысып отырды. Конференцияны Журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.к., доцент Нұржан Қуантайұлы ашып, жүргізіп отырды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алдымен Аязби Ақбергенұлының өмір жолы мен шығармашылығы тұрғысында деректі фильм көрсетілді. Жиналған қауым өз ісінің білгірі туралы әріптестері мен шәкірттерінің ажарма тілегін тыңдады. Конференция барысында қазақ журналистикасының дамуына қосқан зор үлесі үшін Аязби Бейсенқұлов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, университет ректоры Ж.Түймебаевтың құрмет грамотасы табысталды. Журналистиканың корифейлері ұстаз-ғалымның ұзақ жылғы еңбектері мен әріптестерінің пікірі топтасқан жинақтың тұсауын кесті.

Аязби Бейсенқұлов еңбек жолын аудандық газетте тілші болып бастап, журналистиканың барлық сатысынан өтті. Филология ғылымының кандидаты атанды. Журналистика және саясаттану кафедрасының, тележурналистиканың меңгерушісі болды. БАҚ-тың жаңа ақпараттық технология негізінде даму проблемалары, журналистикадағы жаңа технологиялар, тележурналистиканың теориялық мәселелері, басқа да ақпарат саласының өзекті мәселелерін зерттеп, ғылыми мақалаларына арқау етті. Ғалым-журналистің еңбектері ТМД, шетел мемлекеттеріне де кеңінен танылды. Аязби Ақбергенұлы 2017 жылы Мәскеуде «Халықаралық Телевизия және радио академиясының» толық мүшесі қатарына қабылданды.

Конференцияда алғашқы сөзді Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып алып, «Ақпараттың Аязы» туралы кеңінен толғады. Сосын айтулы ақын әріптесіне арнаған жыр шумағын оқыды.

Қазақ журналистикасының ардагері, талай толқын ұрпақ тәрбиелеген ұлағатты ұстаз Намазалы Омарұлы болмысы бөлек азаматтың ешкімге ұқсамайтын бекзаттығына тоқталды.

– Мен қазақ журналистикасының алыбына айналған шәкірттеріммен бақытты жанмын. Ауылдан Алматыға келген көп баланың бірі болса да, Аязби тым ерекше-тұғын. Көрегендігі сол, заманның осылай боларын сезді ме екен, студент кезінен жұрттан бөлек ғылыми кітап-журнал оқып отыратын. Ұлттық кітапханадан шықпай, ізденіп, талпынып жүретін. Сол ізденімпаздығының арқасында журналистикадағы жаңа ақпараттық технологияларды еркін меңгеріп алды. Ең алдымен, адамды ерекшелік тұратын адамгершілігі, көркем мінезі, болмыс-бітімі ғой. Біздің Аяздың бойынан осы қасиеттің бәрін табуға болады. «Ұстаздан шәкірт озар» демекші, ұстаз үшін бұдан артық бақыт жоқ, – деді ол.

Конференцияда ф.ғ.д., профессор Дандай Ысқақ, Қазақстан Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, ф.ғ.д., профессор Кәкен Қамзин, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ радиосының ардагері Қойшығұл Зарлы, «Қазығұрт» баспасының директоры Темірғали Көпбаев, С.Демирель атындағы университеттің Құқық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Малияр Саудбаев, Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Айгүл Рамазан, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универси-

тетінің тәрбие және әлеуметтік даму департаменті басшысының орынбасары Ерлан Омарұлы, онлайн қатысып отырған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, журналист Ермұрат Бапи, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультетінің деканы, ф.ғ.к. Қайрат Сақ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Журналистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор Мәншүк Мұқашева әріптестері туралы ізгі тілектерімен ортаны толтырды.

Міне, үндемей жүріп үлкен іс тындырған, баспасөз саласындағы қызметін бозбала болып бастап, ақпараттың атасына айналған Аязби Ақбергенұлының қазақ баспасөзінің



Суреттерді түсіріп Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Бауыржан ЖАҚЫП, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары:

– Арман қуып Алматыға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 50 жас келіп едік. Солардың ішінен келгеннен көп ізденіп, білім жинап, кітапханадан шықпай, зердесіне зерде қосып, өзі алғыр, өзі білікті болған осы Аязби болды.

2012–2014 жылдары «Хабар» агенттігі» АҚ «Білім» телеарнасының бас редакторы ретінде білім беру бағытындағы мемлекеттік жаңа арнаның қалыптасуы мен эфирге шығуына үлкен еңбек сіңірді. Шығармашылық ұжымды басқарып, танымдық және білім берушілік бағыттағы контенттің дамуына елеулі үлес қосты. 4 жыл Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультетінде Телерадиожурналистика және қоғаммен байланыс кафедрасын басқарды. Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қауымдастырылған профессоры.

Аязби Ақбергенұлының зерттеу тақырыбының аясы кең, әрі тың. Ол алғаш болып Ақпараттық қауіпсіздік мәселесін қозғаған ғалым. Қазіргідей ақпараттық майдан жүріп жатқан кезде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі бірінші орынға шығып тұр. Сондай-ақ, журналистикадағы компьютерлік технология, жаһандану заманындағы Интернет-журналистика, Әлеуметтік желідегі ақпараттық саясат, блогерлер мен PR мамандарының қызметі, Медиадизайн мен медиаменеджмент пен Интерактивті журналистиканың ерекшеліктері, тағы басқа болып кете береді. Бәрі де тың, заманауи зерттеу мәселелері. Осының бәріне профессор А.Бейсенқұловтың оқу құралдары, монографиялары, ғылыми-зерттеу мақалаларынан жауап таба аласыз!

А.Бейсенқұлов ғылыми, әдістемелік оқу құралдары мен публицистикалық еңбектер және деректі фильмдердің авторы ретінде танымал. Скопус жарияланымдары бар, Хирша индексі-2. Бүгінгі ақпараттық сала тәжірибесін жетік біледі. Интернет, дизайн және веб-технологиялардың жетекші маманы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» кафедрасында «Медиадизайн» оқу бағдарламасы бойынша магистранттарға дәрістер оқып, тәжірибелік сабақтар жүргізіп жүр. Магистранттар тарапынан жылы лебіз айтылып, өте пайдалы білім алғандарын көрсетуде. Жас докторанттар мен магистранттардың ғылыми жолдағы ізденістеріне қамқорлық жасап, бағыт-бағдар беріп отырады.


Міне, осынау өмірбаяндық деректерден Аязби Ақбергенұлының тәжірибе мен теорияны қатар ұштастыра еңбек етіп келе жатқан білікті журналист, ұлағатты ұстаз екендігін аңғару қиын емес. Ол өз басынан өткізген практикалық машығын жас журналистерді тәрбиелеуде шебер қолданып келеді.

Аязби Ақбергенұлының досқа адал азамат ретінде салмақты да саликалы, бір сөзді, уәдеге берік, үлгілі жан екендігін өмір-бақи көріп келемін. Ондай ұлтына берілген, қазақи тәрбие көрген, өресі биік, өнегесі зор азаматтар қашан да көш басында жүруге лайық.

● БАЙҚАУ

ҮЗДІК ЖУРНАЛИСТЕР АНЫҚТАЛАДЫ

Алматыда журналистер арасында дін тақырыбындағы ең өзекті деген материалдарға байқау жарияланды. Дін істері жөніндегі басқарманың тапсырысы бойынша «JASTAR» дамыту орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Бірнеше номинация бойынша дін саласының өзекті мәселелері туралы үздік материалдарды дайындау байқауы» бойынша баспасөз конференциясы өтті. Арнайы ұйымдастырылған іс-шарада ұйымдастырушылар байқаудың шарттары мен талаптары туралы толық ақпарат берді.



Бесінші жыл қатарынан өткізіліп отырған мұндай байқауға Алматыда дін тақырыбын қозғап жүрген журналистер, блогерлер, 18 жасқа дейінгі басқа да үміткерлер қатыса алады.

Алматы қалалық Дін істері басқармасының діни бірлестіктермен жұмыс бөлімінің жетекшісі Бағдәулет Әбдіхамитовтың айтуынша, байқаудың негізгі мақсаты – дін саласындағы мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелеріне жұртшылықтың назарын аудару. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы деструктивті ағымдар идеологиясының зияны және дін саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттары туралы халықты хабардар ету маңызды. Сондай-ақ, бұл байқау қатысушылардың шығармашылығын шыңдауға, дарындарын паш етуге, өздерін танытуға берілген үлкен мүмкіндік.

«Мақалалар, посттар, әлеуметтік роликтер конкурс тақырыбына сәйкес болуы тиіс. Деструктивті діни ағымдар идеологиясының беделін түсіру, радикалды діни идеологияның зияндылығы туралы халықты хабардар ету, діни экстремизмге қарсы тұру және конфессияаралық келісім, қоғамдағы тұрақтылық идеяларын нығайту секілді өзекті тақырыптардың жан-жақты талдануы, тереңдігі, нақты дәлелдердің болуы, мазмұндылығы секілді шарттарға баса назар аударылады», – деп атап өтті Бағдәулет Әбдіхамитов.

Байқау мынандай номинацияларға бөлінеді:

- *Ғаламтор ресурстарындағы ең үздік қазақ тіліндегі мақала;*
- *Ғаламтор ресурстарындағы ең үздік орыс тіліндегі мақала;*
- *Ғаламтордағы және әлеуметтік желілердегі ең үздік тақырыптық қысқа бейнеролик;*
- *Ең белсенді блогер.*

Байқаудың жалпы жүлде қоры – 1 350 000 теңге. Сондай-ақ, ақшалай ынталандыру сыйлықтары да бар.

Байқауға 18 жастан асқан журналистер, блогерлер, Алматы қаласының барлық тұрғындары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін қатысушылар өз жұмыстарын және өздері туралы ақпаратты almaty.baiqau.2023@gmail.com электронды мекенжайға осы жылдың 1 қазанына дейін жолдай алады. Байқау туралы толық ақпарат пен әр номинация бойынша талаптарды Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарманың ресми сайты мен din_almaty ресми аккаунтында жарияланған ережеден көре алады.

Байқауға қатысушыларды марапаттау рәсімі 2023 жылдың 20–30 қазан аралығында өтеді.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



САУАЛНАМА

ҚОНАҚҚА БАЛА ЕРТІП БАРУ ДҰРЫС ПА?

«Шұбыртып балаларын ертіп алыпты ғой» деген сөз соңынан ермес үшін бірқатар ата-ана той-томалаққа, үлкен кісілер жиналатын орындарға, қонаққа бала ертіп бармауға тырысады. Олардың ойынша, ересектер отырған ортада балаға тыңдауға болмайтын әңгімелер, әзілдер айтылады, бір жағынан баланың да көпшілік ішінде мазасы кетеді. Енді біреулер «бала қашанғы бөлмесінен шықпай отыру керек, олар да кішкентайынан ортаға бейімделсін, қонаққа ертіп жүрген жөн» деген пікірде. Екі тараптың да пікірін қате дей алмаймыз. Ендеше, пікірлерді ортаға салып көрейік...

Балжан БАЗАРБАЙҚЫЗЫ, психолог:

Ертіп жүруді құптамаймын

Күні кеше ғана 30–40 адам жиналған ауызашарға бардық. Сол жерде оншақты бала болды. Әлгі балалар өз ата-анасының да, қонақтардың да берекесін алды. Әсіресе, осындай ораза кезінде ауызашарға бала әкелу дұрыс емес деп ойлаймын. Ата-ана баланы ертіп әкеледі де, смартфоннан YouTube-ты бар даусымен қосып, баланы жанына отырғызып қояды. Сол жағымсыз дыбыс қонақтардың басын ауыртып жіберді. Не жиылған қауыммен жөні түзу әңгіме айта алмайсың, не біреуді тыңдай

алмайсың. Әрине, ауызашар беріп жатқан үйдің иесі жақын араласатын адамына «бала ертіп әкелмеші» деп айта алмайды, өйткені ауызашар беріп отырған адам ниетімді дұрыс түсінбей қала ма деп ойлайды. Сондықтан менің ойымша, әр ата-ана қандай жерге бала апару керек, апармау керек түсініп, бала ертіп жүрудің әдебін білсе екен деймін. Әркімнің баласы өзінен басқа ешкімге қызық емес. Егер үйде баланы алып қалып, қарайтын адам болмаса, қонаққа бармай-ақ қойғаны дұрыс.

Диана ЕДІЛҚЫЗЫ, дизайнер:

Орынсыз ренжитіндер бар

Жақында әулетімізде үлкен той болды. Қайынсіңлімді ұзаттық. Тойға 150-дей адам шақырдық. Тойханадағы әр орын есептеулі екенін қазір бәрі біледі ғой. Сондықтан алдын ала шақырған адамдардың келетін-келмейтінін анықтап алудың да еш әбестігі жоқ. Бірақ жақын туыстарымызға «тойға бала әкелме» деп айта алмайсың. Балалар дастарханға отырмаса да, залда ойнап жүрер дейміз де қоямыз. Той басталарда алыстан келген сыйлы

қонақтардың орнын көрсетіп, бәрін өз орнына жайғастырып жаттық. Тойға келген бір бауырымыз бен келініміз 3 баласын дастарханға отырғызып қойған екен. Енем жайлап барып: «Бұл үлкен кісілерге арналған орындар еді, балаларға есептелмеген ғой» деп ескерту жасап еді, әлгі бауырымыз орнынан атып тұрып, ренжіп, әйелін, бала-шағасын алып, тойдан кетіп қалды. Міне, осындай да жағдайлар болып жатады.

Гаухар КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ, мұғалім:

Өнегелі ортаға бейімдеген жөн

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің мынандай тамаша сөзі бар: «Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады» дейді. Сондықтан да баланы сапалы кісілер жиналатын ортаға жиі ертіп барған жөн деп санаймын. Осындай орта көріп, өнегелі әңгімелер тыңдап өскен баланың ақылы толысып, үлкендерге еліктеуге тырысады, бос ойындарға деген қызығушылығы басылады. Кезінде ата-әжелеріміз қасына

немерелерін ертіп жүрген ғой. Әрине, кез келген жерге баланы апара беруге қарсымын, дегенмен жақын отбасылық достардың, туыстардың үйіне барғанда балаларды апарып, бір-бірімен жақын таныстырып, араластырып үйреткен дұрыс. Өйткені, қазіргі кезде тіпті ағайынды адамдардың балалары бір-бірін жөнді танымайды, араласпайды. Жалпы туыстардың басы тек тойларда ғана қосылады ғой. Балалар бір-біріне жат болмай өскені жақсы.

КОНКУРС

КСРО Халық сәулетшісі Қалдыбай Жұмағалиұлы Монтахаевтың орнатылатын мүсіннің ең үздік жобасына ашық байқаудың

БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

1. Байқаудың мақсаты

Көрнекті қазақстандық сәулетші, КСРО Халық сәулетшісі, Қазақ КСР еңбек сіңірген сәулетшісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты **Қалдыбай Жұмағалиұлы Монтахаевтың** мүсінінің монументалды-көркемдік тұрғысынан ең жақсысын анықтау мақсатында – Қазақстан Республикасында өнер құрылыстарын орнату жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына ұсынып, шешім шығару.

2. Байқау бағдарламасы

Көрнекті сәулетшіге арналған мүсіннің көркемдік бейнесі оның шеберлігінің ұлшығын, ғажайып күш-қуатын, дарынды тұлғаның

жан-жақтылығы мен парасаттылығын, оның ерекше адами қасиеттерін көрсетуі керек.

Объектіні жобалау кезінде мүсіннің көркемдік бейнесіне қайшы келмейтін мықты, эстетикалық материалдар қолданылуы керек.

Орнатылатын орны – Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев көшесінің оңтүстігі, Сейфуллин даңғылының батысы.

Мүсін қолданыстағы сәулет және қала құрылысына үйлесімді түрде сәйкес келуі керек.

3. Байқау шарттары

Байқауға барлық ниет білдірушілер, сондай-ақ авторлық

ұжымдар қатыса алады. Байқауды өткізу мерзімі 2023 жылғы 4 сәуірден 2023 жылғы 2 маусымға дейін. 2023 жылдың 2 маусымнан кешіктірмей жіберілген жұмыстар 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 74 А, Алматы қаласы Мәдениет басқармасы, №305 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Басқа қалалардың авторлары пошта түбіртегінің нөмірін алдын ала хабарлай отырып, жобаларды белгіленген мерзімнен кешіктірмей Алматы қаласы Мәдениет басқармасының мекенжайына жібереді. Байқауға жобалар алты таңбалы санмен көрсетілген ұрандармен ұсынылады. Ұран конкурста ұсынылған жобаның

барлық материалдарының жоғарғы оң жақ бұрышында, сондай-ақ ұрандық конвертте (биіктігі 1 см) жазылады. Ұранмен жабылған конвертте жоба авторының тегі, аты және мекенжайы көрсетілген ақпараттық парақ болуы керек.

2 беттен аспайтын қысқаша түсіндірме жазба 2 данада ұсынылады. «Times New Roman» қарпі, өлшемі №14, бір жоларалық интервалмен. Жазбада мүсіннің негізгі идеясы, көркемдік шешімі және кеңестікті ұйымдастыру принциптері көрсетілуі керек.

Байқау қорытындысы бойынша шешімді Алматы қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

Байқау шарттарын бұза отырып ұсынылған жобалар конкурста жіберілмейді және Комиссияда қаралмайды.

4. Байқаудың жобалық ұсыныстары мен ұсынылатын материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптардың құрамы:

1. Масштабы 1:10 жоба эскизі (мүсін композициясы);
 2. Масштабы 1:200 бас жобасы (сызба жобасы);
 3. Мүсіннің (мүсіндік композицияның) 2 қасбеті және 1:20 масштабты 1 перспектива;
 4. Түсіндірме жазба.
- Жобалар өлшемі 60x80 см планшетпен ұсынылады. Графикалық орындау әдісі – макеттің түсі, техникасы және материалы – автордың қалауы бойынша.
- Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (727) 272-01-38 телефоны бойынша алуға болады.



Дархан СҮЛЕЙМЕН, кәсіпкер:

Баланы бір уақыт үйде алып қалса...

Өзім 5 баланың әкесімін. Әйелім балалар 1 жасқа келгенше баламен ешқайда бармайды. Ал қазір үлкен балаларымыз кішілерін қарайтын жасқа жетті. Қонаққа, тойға барсақ, кішкентайларды үлкендеріне тапсырып кетеміз. Өйткені, біз ата-анамыздан бөлек тұрамыз, ата-әжелері ауылда. Менің ойымша, балалар ес біліп, «кой» деген сөзді ұққанша қонаққа апарудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Оның үстіне әр баланың мінезі әртүрлі. Кейбір ерке балалар барған жерде әке-шешесінің де, қонақтардың да мазасын алуы мүмкін. Қазір омыраудағы баласын құшақ-

тап, тағы бірнеше баласын етегіне жармастырып, барлық жерден қалмайтын келіншектерді байқап қаламын. Түсінемін, үйде отырған әйел бір жерге шыққысы келеді. Бірақ бала ертіп жүру өзіне ғана емес, айнала-сындағыларға да ыңғайсыздық туғызатынын ескеруі керек. Бүгінде үйде бала қарап отыратын әжелер де некен-саяқ. Үлкен кісілер де бір уақыт келіндері тынығып, үйден шығып, құрбыларымен кездесіп қайтуына жағдай жасап, баланы алып қалса, қандай тамаша. Баланың тәрбиесіне тек әке-шеше ғана емес, ата-әже, жалпы қоғам жауапты екені даусыз.

Айгүл БЕКОВА, тарихшы:

Әжем қасынан бір елі қалдырмайтын

Өзім үйдің тұңғышы болғандықтан әжемнің тәрбиесін алдым. Ол кісі мені қайда барса да, жанынан қалдырмай ертіп жүретін. Бірде ауылдағы тойлардың біріне барғанда қонақтар жылдам тарқаса керек. Тойдың тез бітіп қалғанына таңырқаған мен: «Апалар, ән айтпаймыз ба?» деп айғай салыппын. Сол кезде небәрі 5 жаста екенмін. Сол қылығымды әжем бертін келгенше айтып, күліп отырады. Менің ойымша, біз баланы өте көп шектейміз. Әсіресе, біздің буынның балалары өте именшек, жасқаншақ болды. Өйткені, ата-анамыз не нәрседен «тәйт» деп тыйып, артық сөйлетпейтін. Үйге қонақ келсе де бір бөлме-

ден шықпай отыратын едік. Сондықтан жасы 40–50-ге келсе де, өз ойын еркін жеткізе алмайтын адамдар көп арамызда. Бала мен үлкендердің арасында байланыс, диалог болмауының арқасында қаншама бала ата-анасына сырын айта алмай өсті. Ал кезінде ата-бабаларымыз балалар құймақұлақ болып өссін деп үлкендердің ортасына бейімдеп отырған емес пе? «Баланы бала деме, ақылы асса, дана болады» деп баланы баласынбай, кей тұстарда олардың ойларын біліп, ақылдасып отырған. Бұрынғы бала билер, шешендер мен ақындар осындай тәрбиенің нәтижесі.

ТҮЙІН:

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білесің» демекші, бала-шаға өскен сайын бұл дүниеде бала тәрбиесінен күрделі, нәзік нәрсе жоқ екенін түсінеді екенсің. Не көп, қоғамда бала тәрбиесіне қатысты ақыл-кеңес көп, бірақ әркім өз баласын өз деңгейінде тәрбиелейді. Сондықтан да әдетте үлкен адамдарға «бала тәрбиелесем бұрын өзіңді тәрбиеле, бала – ата-ананың айнасы» дейтіні тегін емес екен. Баланы жақсы ортаға бейімдеу де айналып келгенде ата-ананың міндеті. Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?



ҰЛТТЫҚ БАНК

«Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан коллекциялық монеталардың сатуға шығарылатыны туралы

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің» РММ Алматы қалалық филиалы 2023 жылдың 3 сәуірде номиналы «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан мына коллекциялық монеталарын сатылымға шығарады.

Коллекциялық монеталарын сату Ұлттық Банктің **kazcoins.nationalbank.kz** интернет-дүкені арқылы жүзеге асырылады.

«ҚАЗАҚСТАН. БҰҰ. 30 ЖЫЛ» коллекциялық монеталары. Мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, сапасы proof-like, номиналы 100 теңгелік, таралымы 2000 дана.

«ҚАЗАҚСТАН. БҰҰ. 30 ЖЫЛ» монеталарының бейнесі



«АЗИЯДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ СЕНІМ ШАРАЛАРЫ КЕҢЕСІ. 30 ЖЫЛ» коллекциялық монеталары. Мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, сапасы proof-like, номиналы 100 теңгелік, таралымы 2000 дана.

«АЗИЯДАҒЫ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ СЕНІМ ШАРАЛАРЫ КЕҢЕСІ. 30 ЖЫЛ» монеталарының бейнесі



«ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА 30 ЖЫЛ» коллекциялық монеталары. Мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, сапасы proof-like, номиналы 100 теңгелік, таралымы 3000 дана.



«ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА 30 ЖЫЛ» коллекциялық монеталары. Мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, сапасы proof-like, номиналы 100 теңгелік, таралымы 3000 дана.

«ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ. ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА 30 ЖЫЛ» монеталарының бейнесі



Ақпаратты «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Алматы қалалық филиалы әзірледі.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерін шығарушы және меншік иесі – «Alatay Aqparat» ЖШС мерзімді басылымдарды тарату саласында тәжірибесі бар қызметкерді жұмысқа шақырады. Жұмыс штаттық кестеге сәйкес, тұрақты жалақы, 5 күндік жұмыс күні және жоғары көрсеткіштер үшін бонустар бар. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласуға болады: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруды қадағалау

Бас прокуратура субъектілерге барумен профилактикалық бақылау тізімдерін қалыптастырудың заңдылығына талдау жүргізді.

Өткен жылдың желтоқсан айында ведомстволардың басшылары ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығына осындай тексеру іс-шараларының тізбесін бекіткені анықтады.

Бұл ретте олардың көпшілігін жүргізу мүмкін емес, өйткені олар Кәсіпкерлік кодекске қабылданған түзетулерге қайшы келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша кәсіпкерлік қызметті «таза парактан» реттеу жана тәсілдері енгізілді. Мемлекеттік бақылауды жүргізу айтарлықтай өзгерді.

Реформаның негізгі міндеттерінің бірі – жазалау тексерулерінен алдын алу шараларына көшу.

Енді субъектіге барусыз профилактикалық бақылау түрінде алдын ала талдау жүргізілмесе, оған барумен профилактикалық бақылау жүргізуге тыйым салынады.

Мұндай қашықтықтан бақылаудың негізгі мақсаты – бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту.

2022 жылы мұндай талдаулар жүргізілмегенін және қабылданған бұйрықтардың орындалуы бақылау субъектілерінің, оның ішінде бизнестің құқықтарын айтарлықтай бұзатынын ескере отырып, оларға прокуратура наразылық енгізді.

Прокуратура енгізген наразылықтар бойынша Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау саласындағы 5860 субъектіге барумен профилактикалық бақылау жүргізу туралы 3 бұйрықтың күшін жойды.

Ағымдағы жылғы бірінші жартыжылдықта денсаулық сақтау органдары 2 мыңға жуық кәсіпкерге қатысты осы жоспарлы іс-шараларды жүргізбейді.

Мұндай фактілердің жолын кесу бойынша жұмыстар жалғасуда.

БАС ПРОКУРАТУРАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАБЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

САНАНЫ САУЫҚТЫРСЫН СӘУІР БАСЫ

«Отамалы» жүріп жатыр

Соңғы бес-алты күннің ішінде Алматыда күн салқындап тұр. Таңертеңгілік қырау түсіп, аулада ыдыстарда қалған судың беті қабыршақтанып, тіпті жұқа мұз қатуда. Таңғы ызғар кәдімгідей денені тоңдырып, қалтыратып жібереді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Мұның сыры неде? Биыл көктем ерте келгенімен, күн жылынар емес, шуақ аз. Түстің кезінде сәл жылымық пайда болады, ол да ұзаққа бармайды. Аспанда күн көрініп тұрғанымен, жылуы жоқ. Шуағы жерге жетпейді. Жыл басынан бері жауған жаңбырдың бәрі тау басына қар болып түсті. Қазір Алатаудың бел ортасына дейін қар жатыр. Күн жылт етсе болды, қар еріп, сай-саланы қуалап арқырап ағады. Тауда қар көшкіні көрініс береді. Қазақы пайым бойынша, 5–10 сәуір аралығында суық әрі дауылды жел тұрады. Қыстың соңғы бораны. Осы бораннан кейін қыс біржола кететін көрінеді. Мұны «Отамалының» ызғары дейді.

«Отамалы» деген – оттың, көктің, шөптің амалы деген сөз. Көнекөздерден бізге жеткен болжамдарда осы амал кезінде, күн шұғыл суытып, қар аралас жаңбыр жауады. Бөктерлерде едәуір қар да түседі. Артынша күн жылдам жылынып, ылғал мен топырақ қызуынан көк жапатармағай тебіндей бастайды. Осы амалға байланысты аңыз да жетерлік. Олар туралы бұрындары жазғанбыз. «Отамалы – оңына бақса, от алғанша, терісіне бақса оталғанша» деген мақал сол аңыздардан қалған. Осы амал кезінде ауа райында өзгеріс болады: күн суыйды, жаңбыр жауады, тағы да басқа шаруаға қолайсыз, жайсыз көріністер байқалады.

Көктемде күн мен түн теңеліп, жер бусанып қана қоймайды: күннің нұры мен жылуы бұрынғыдан молайып, жондар көк майсаға, қыраттар гүл-бәйшешекке толады. Табиғатпен бірге адамзат та түлейді, жасарады, жаңарады. Көктемнен елдің күтері көп. Ақиық ақын Мұқағали «Көктем де келер» деген атакты өлеңінде:



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Жазытұрым:

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, жаз ыстық, қыс жайлы болады.
- * Аңызақ ыстық – қыстағы қатты аяздың белгісі.
- * Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.
- * Бұлт желге қарай көшсе, жаңбыр жауады.

«Көгереді...

Барлығы көгереді:

Ой да, қыр да, даланың төбелері.

Әлі құрып баратқан ауру досқа,

Осы көктем, білмеймін, не береді?» деп

толғанса, көрнекті ақын Исраил Сапарбай:

«Ауырма, ешқашан да ауырмашы,

Санаңды сауықтырсын Сәуір басы.

Адамдар бір-бірінің тілеуқоры,

Адамдар бірі-бірінің бауырласы...» деген

тілегін жырмен өрнектейді.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша

сәуір айының 6-шы жаңасы, ай есебіне сү-

йенсек, сәуірдің он бесі, ал, қазақша айдың екінші күні. Апта айдың басы мен ортасына сәйкес келуде. Аспан денелерінің әрекеті ауа райының тұрақсыз болатынын аңғартқандай. Аптада жаңбыр жаууы, салқын жел тұруы, тағы да басқа жайсыз, жағымсыз құбылыстар орын алуы әбден мүмкін.

Сәуірдің алғашқы аптасы жүріп жатыр. «Сәуір тумамай, тәуір болмас», деп халық асыға күтетін ай осы. Жаңа Парламент пен жаңа Үкімет жаңа Қазақстан құру жолындағы ұлы мақсатқа кірісу қамында. Сәуір басы сананы сауықтырса игі...

РАМАЗАН – 2023

АУЫЗАШАРДЫҢ
СӘНІ

Құрма жемісін кез келген сауда нүктесінен табасыз. Дегенмен, бұл жемістің қадірі Ораза айы кезінде артып, дүкендердің де, дастархан мен ауызашардың да сәніне айналып шыға келеді десек, қателеспеспіз.

Ислам әлемінде құрманың орны ерекше. Ол – Құран аяттарында көп кездесетін жеміс түрі. Сондықтан Оразада мұсылмандар ауызды құрмамен ашуды сүннет деп санайды. Ғалымдар бұл жемістің құрамын зерттеген кезде, көптеген пайдалы заттарды анықтаған.

Құрамында калийдің жоғары болуы себепті қазіргі дәрігерлердің өзі құрманы жүрек қан-тамыр ауруларына пайдалануға кеңес береді. Жүрек аурулары мен талмасының алдын алады. Жүйке жүйесіне де әсер етіп, тыныштандыратын қасиетке ие. Сондай-ақ, құрманың құрамы магнийге өте бай екен. Ал магний адам ағзасында аса қатерлі обыр дертінің пайда болуына тосқауыл қояды.

Құрма – терінің құрғауы, еріннің тілініп кетуі, шаштың түсуі, тырнақтың сынуы секілді жағдайларда да өте пайдалы деседі. Оның құрамында өте көп мөлшерде қант бар екен, яғни 60–65 пайыздай. Бұл барлық жеміспен салыстырғандағы ең үлкен көрсеткіш. Сондықтан тәтті кәмпиттердің орнына құрманы жесеңіз тіпті жақсы. Айтпақшы, Израильде құрма мен алмаға қатар зерттеу жүргізілгенде, алмаға қарағанда құрмада дәрумендердің көптігі дәлелденген.

Құрма сонымен қатар, бауырды токсиндерден тазартады екен. Аш қарынға жесе, ішектегі, бауырдағы құрттарды өлтіруге қауқарлы. Құрманы әсіресе экологиясы нашар аудандарда тұратын адамдарға жеуге кеңес беріледі.

Ендеше, құрмандан құр қалмайық. Тұтқан Оразаңыз қабыл болсын!

Дайындаған Нұржамал ӘЛІШЕВА.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

АВТОБУСТАРДА КІТАП СӨРЕСІ БАР

Семейліктер кітапты автобуста да оқиды. Руханиятты ойлайтын жергілікті белсенділер қоғамдық көліктерде тұрғындарды кітап оқуға шақыратын «Даналық ізімен» деген акция бастапты.




Қала ішінде жүретін автобустардың сыртына Ұлы Абайдың «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз», «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген секілді қанатты сөздері жапсырылған. Ал автобус ішіне шағын кітап сөресі қойылып, онда ақын-жазушыларымыздың кітаптары орналастырылған.

– Кітап оқу автобус, үй деп қарамайды. Әр адамның зейініне, пейіліне байланысты. Кітаптар жақсы екен. Мағыналы, ұғынықты, – деп сұхбат беріпті «24 Хабарға»

Еркін Екібаев деген семейлік. Автобус ішінде кішкентай бір ұл бала да кітап парактап отыр. Өне, бізге керегі сол ғой, кітапты түгел оқып тастамаса да, әйтеуір бір жолы немесе абзацы баланың көз алдында, санасында қалары сөзсіз.

«Автобустағы кітап сөресі» өңірлерге тарататын жақсы идея екен, ә?! Қалада әзірге 6 автобус солай безендіріліп, 60-тан астам кітап жиналыпты. Ерекше акцияны ұйымдастырушылар алдағы уақытта кітабы бар автобусты да, кітаптар санын да көбейткелі отырған көрінеді.

Кентау қаласында тұратын 5-сынып оқушысы Аружан Смай «Қара жорға» билейтін робот жасап шығарды. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің сайтында жарияланды.

«ҚАРА ЖОРҒА»
БИЛЕЙТІН РОБОТ

№23 орта мектепте оқитын Аружан жергілікті Оқушылар сарайындағы робот-техника үйірмесіне қатысады.

«Басты мақсатымыз – қазақтың «Арқан тарту», «Көкпар», «Теңге алу» секілді ұлттық ойындарын техникалық саламен ұштастыру және өскелең ұрпақтың қызығушылығын арттыру, оларға жол ашу», – дейді жас өнертапқыштың тәлімгері Ақниет Елемесова.

Ал Аружанның өзі робот деген тақырыпқа үйірмеге алғаш қатысқан күннен

бастап қызығушылығы ояңғанын айтады. «Қара жорғаға» билей жөнелетін «өнерлі» роботты ол көпшілікке Наурыз мерекесінде көрсетті.

Жаңалық атаулыға құштар, көрсем, ұстасам, білсем, үйренсем деп тыным таппайтын кішкентай өнертапқыш роботтехникада ғана емес, жаратылыстану, математика пәндерінен де үздік бала.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.